

Қазақстан Республикасында мемлекеттік авиациядағы авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды тергеп-тексеру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2015 жылғы 18 наурыздағы № 145 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 28 сәуірде № 10821 тіркелді.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 24.07.2017 № 379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 93-бабының 3-тармақшасына сәйкес және авиациялық оқиғаны немесе инцидентті тексеру жөніндегі комиссияның өкілеттіктерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік авиациясындағы авиациялық оқиға мен инцидентке тексеру жүргізу тәртібін айқындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының мемлекеттік авиациясындағы авиациялық оқиғалар мен инциденттерді тексеру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясы ұшуларының қауіпсіздігін қадағалау бас басқармасының бастығы:

1) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеу үшін жолдасын;

2) осы бұйрықтың көшірмесін мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде ресми жариялау үшін мерзімді баспасөз басылымдарына және "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің республикалық құқықтық ақпараттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне жолдасын;

3) ресми жарияланғаннан кейін бұйрықты Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсына орналастырсын.

3. Бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясы басқару органдарының басшыларына жүктелсін.

4. Бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

5. Бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрі*

И. Тасмағамбетов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық қауіпсіздік
комитетінің төрағасы
Н. Әбіқаев
2015 жылғы 27 наурыз

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі
полиция генерал-лейтенанты
Қ. Қасымов
2015 жылғы 30 наурыз

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2015 жылғы 18 наурыздағы
№ 145 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасында мемлекеттік авиациядағы авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды тергеп-тексеру қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 04.08.2020 № 369 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасында мемлекеттік авиациядағы авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды тергеп-тексеру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының мемлекеттік авиациясындағы авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды тергеп-тексеру тәртібін айқындайды.

2. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) авариялық жағдай – экипаждың және ұшуға басшылық жасайтын топ (әуе қозғалысын басқару (қызмет көрсету) органы) персоналының мүмкіндігі мен біліктілігі, сондай-ақ авиациялық техниканың қолдану қабілетінің резерві анағұрлым ықтимал болып табылатын авиациялық оқиғаны және әуе кемесінің жойылуын немесе зақымдануын болғызбау үшін жеткіліксіз болуы мүмкін ерекше жағдай;

2) авиациялық жағдай – барысында ұшу қауіпсіздігіне қатер төнген, әуе кемесі зақымданған немесе жойылған және/немесе осы әуе кемесінде болған адамдар қаза тапқан әуе кемесін ұшуда пайдалануға байланысты жағдай;

3) авиациялық оқыс оқиға – әуе кемесінің тұтастығына және/немесе оның бортындағы адамдардың өміріне қатер тудыруы мүмкін немесе қатер тудырған, бірақ

авиациялық оқиғамен аяқталмаған авиациялық әуе кемесін ұшуда пайдалануға байланысты оқиға;

4) авиациялық персонал – арнайы және/немесе кәсіптік даярлығы бар, әуе кемелерінің ұшуын, әуе тасымалдауларын және авиациялық жұмыстарды орындау және қамтамасыз ету, әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету, әуе қозғалысын ұйымдастыру мен қызмет көрсету, әуе қозғалысын басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар;

5) авиациялық оқиға – әуе кемесінің бортындағы адамдардың қаза табуына (өлімге әкелген дене жарақатына) және/немесе осы әуе кемесінің жойылып кетуіне әкелген әуе кемесін ұшуда пайдалануға байланысты авиациялық жағдай. Әуе кемесі, егер:

әуе кемесі толық бүлінгенде;

әуе кемесінің тұрған орны (оның сынықтары) анықталмағанда және оны ресми түрде іздестіру тоқтатылғанда;

әуе кемесін алған зақымдарына қарамастан, оны мәжбүрлі қону орнынан эвакуациялау мүмкін болмағанда немесе орынсыз болғанда;

әуе кемесін қалпына келтіру мүмкін болмағанда немесе экономика тұрғысынан орынсыз болғанда жойылып кетті деп саналады;

6) авиациялық оқиғаны тергеп-тексеру нәтижелері жөніндегі ұсынымдар – авиациялық оқиғаны тергеп-тексеру кезінде алынған ақпарат негізінде пысықталған және оны болғызбауға бағытталған ұсыныстар;

7) авария – адам шығындары болмаған авиациялық оқиға;

8) авиациялық бөлім – мемлекеттік авиация әуе кемелерінің ұшуын ұйымдастыру мен орындауды, оларды пайдалануды және сақтауды жүзеге асыратын республикалық мемлекеттік мекеме;

9) апат – адам шығындары болған авиациялық оқиға;

10) апатты жағдай – экипаждың (борттағы адамдардың) қаза табуын және/немесе әуе кемесінің жойылуын болғызбау мүмкін емес ерекше жағдай;

11) авиациялық оқиғаның немесе оқыс оқиғаның себептері (факторлары) – авиациялық оқиғаға немесе авиациялық оқыс оқиғаға әкелген әрекет ету, әрекетсіздік, мән-жайлар, жағдайлар немесе олардың жиынтығы;

12) әуе кемесі – жер (су) бетінен шағылысқан ауамен әрекеттесуді болғызбай, ауамен өзара әрекеттесу есебінен атмосферада қалықтайтын аппарат;

13) жасаушы мемлекет – әуе кемесін түпкілікті жасап шығаруға жауапты ұйымға қатысты заңды құзыреті бар мемлекет;

14) әуе кемесі тіркелген мемлекет – тізілімдеріне әуе кемесі тіркелген мемлекет;

15) әуе кемесін ұшуда пайдалану – экипаждың әуе кемесін ұшуалды қарап-тексеруді жүргізуінен бастап және ұшу мақсатында бортта болған барлық адамдардың әуе кемесінен кеткен сәтке (ұшқышсыз ұшатын аппаратты таңдаған сәтке) дейінгі кезеңді қамтитын әуе кемесін пайдалану процесі;

16) әуе кемесін зақымдаумен болған елеулі авиациялық оқиға – зақымданған әуе кемесін қалпына келтіру мүмкін және экономикалық тұрғыдан орынды болатын авиациялық оқиға;

17) ерекше жағдай – қауіпті факторлардың пайда болуы (ықпал етуі) нәтижесінде әуе кемесін пайдалану процесінде туындаған жағдай;

18) төтенше оқиға – әуе кемесін пайдалануға байланысты авиациялық оқиғаға қатысты емес мынадай салдардың бірі туындаған оқиға:

жауынгерлік ұшу кезінде, террористік акт, әуе кемесін ұшырып әкету немесе ұшырып әкетуге әрекеттену нәтижесінде әуе кемесінің жойылуы немесе бортында болған адамдардың қаза табуы;

әуеайлақтан тыс мәжбүрлі қонғаннан кейін сыртқы ортаның қолайсыз әсер етуі нәтижесінде әуе кемесінің бортында болған адамдардың қаза табуы;

басқа әуе кемесімен болған авиациялық оқиға нәтижесінде әуе кемесінің жойылуы немесе жерде (кеме палубасында) болған адамдардың қаза табуы;

төтенше жағдай аймақтарында арнайы міндеттерді орындау кезінде әуе кемесінің жойылуы немесе онда болған адамдардың қаза табуы;

19) елеулі авиациялық оқиға – авиациялық оқиғаның ықтималдығы елеулі артуын сипаттайтын жағдайдың туындауына байланысты оны болғызбау үшін экипаждың және/немесе әуе қозғалысын басқару органдарының әуе кемесінің қалыпты ұшуы жағдайында қолданылмайтын әуе қозғалысына қызмет көрсету, күрделі және/немесе шұғыл әрекет етуді орындау талап етілетін авиациялық оқиға;

20) жасаушы мемлекет – әуе кемесі түрінің конструкциясына жауапты ұйымға қатысты заңды құзыреті бар мемлекет;

21) жағдай орын алған мемлекет – аумағында авиациялық оқиға немесе оқиға болған мемлекет;

22) жерүсті оқиға – авиациялық оқиғаға жатпайтын, әуе кемесін зақымдау немесе жойылуы болған оған қызмет көрсетуге, сақтауға немесе тасымалдауға байланысты жағдай;

23) тергеп-тексерушілердің кезекші тобы – авиациялық жағдайды тергеп-тексеру және ол тағайындалғанға дейін тергеп-тексеру жөніндегі комиссия (бұдан әрі – комиссия) өкілеттігін жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралардың жүргізуін анықтайтын мемлекеттік авиациясының ұшу қауіпсіздігі органының мамандары тобы. Комиссияны тағайындау кезінде тергептергеп-тексерушілердің кезекші тобының мамандары оның құрамына енгізіледі;

24) қауіпті фактор – ерекше жағдайдың туындауына және/немесе өрбуіне әкелген (әкелетін немесе әкелуі мүмкін) әлеуетті себеп (фактор);

25) қауіпті жақын келу – нәтижесінде олардың қақтығысуы қатері туындайтын әуе кемелері өз арасында немесе басқа да материалдық объектілерге жартысынан аз аралыққа абайсызда және ұшу тапсырмасында көзделмеген жақындасу;

26) күрделі жағдай – экипаждың және ұшуға басшылық жасайтын топ (әуе қозғалысын басқару (қызмет көрсету) органы) персоналының мүмкіндігі мен біліктілігі, сондай-ақ авиациялық техниканың қолданылу резерві авиациялық оқиғаны болғызбау үшін жеткілікті ерекше жағдай;

27) күрделенген жағдай – ұшу экипаждың ерекше және шұғыл әрекет етуінсіз аяқталуы ықтимал ерекше жағдай;

28) қамтамасыз ету бөлімдері – авиациялық-техникалық базалар, авиациялық комендатуралар, әуе қозғалысын басқару орталықтары, байланыс және радиотехникалық қамтамасыз ету бөлімдері, материалдық-техникалық қамтамасыз ету бөлімдері;

29) қосымша факторлар – оларды жою, болғызбау немесе болмауыболжамды авиациялық оқиғаның немесе оқыс оқиғаның ықтималдығын төмендететін немесе осы авиациялық оқиғаның немесе оқыс оқиғаның ауыр салдарын азайтатын әрекет ету, әрекетсіздік, мән-жайлар, жағдайлар немесе олардың жиынтығы;

30) мемлекеттік авиацияның ұшуы қауіпсіздігі органы – Қазақстан Республикасының мемлекеттік авиациясындағы ұшу қауіпсіздігі мәселелері бойынша мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің құрылымдық бөлімшесі;

31) мемлекеттік авиацияны басқару органдары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әуе қорғанысы күштері бас қолбасшысының басқармасы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының бас қолбасшылығы, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Авиациялық қызметі;

32) мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі;

33) өлімге әкелген дене зақымы – нәтижесінде авиациялық оқиға болған сәттен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде өлімге әкелген дене зақымы;

34) уәкілетті өкіл кеңесшісі – авиациялық оқиғаларды тергеп-тексеруде тәжірибесі бар және авиациялық оқиғаға тергеп-тексеру жүргізуде уәкілетті өкілге көмек көрсететін адам;

35) уәкілетті өкіл – уәкілетті орган тағайындаған басқа мемлекет жүргізетін тергеп-тексеруге қатысу үшін тиісті біліктілігі бар болуына байланысты мемлекеттік авиация саласындағы адам;

36) ұшу қауіпсіздігі – адамдардың өміріне немесе денсаулығына залал келтіру немесе мүлікке зиян келтіру қатері қалыпты деңгейге дейін төмендетілген және қатер көздерін анықтаудың және қатер факторларын бақылаудың үздіксіз процесі арқылы сол деңгейде не анағұрлым төмен деңгейде ұсталатын ұшуды қауіпсіз жасауды қамтамасыз ететін шаралар кешені;

37) ұшу қауіпсіздігі органы – мемлекеттік авиацияның басқару органы, авиациялық бөлім құрамындағы құрылымдық бөлімше;

38) ұшқыш құрамының қате әрекет етуі (қателігі) – ниетсіз әуе кемесін басқару жөніндегі дұрыс немесе уақтылы әрекет етпеуі, әрекетсіздігі. Ұшқыш құрамының қате әрекеттерін нұсқаушылар құрамы, ұшуға басшылық жасау тобының персоналы және объективті бақылау материалдарының деректері бойынша айқындалады;

39) ұшу тапсырмасы – авиация тегінің жауынгерлік даярлық (ұшу, ұшу-жаттығу) курсымен айқындалған немесе ұшқышқа (ҰҰА операторына) командир (бастық) берген әуе кемесінің ұшып шығуынан бастап қонуына дейінгі ұшуға тапсырма.

3. Авиациялық оқиғаларды немесе оқыс оқиғаларды тергеп-тексеру процесі қауіпті факторларды анықтауды, ақпарат жинау мен талдауды, қажетті зерттеулер жүргізуді, авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғалар себептерін анықтауды, есеп беру материалдарын және қорытындыларды дайындауды, авиациялық оқиғалар мен инциденттерді болдырмау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеуді, белгілі себептер бойынша авиациялық инциденттердің қайталануын болдырмауды қамтиды.

4. Ұшқышсыз ұшатын аппараттармен (бұдан әрі – ҰҰА) болған авиациялық жағдайлар кезінде әскери басқару органының (әуе кемесінің тиесілігі бойынша) ҰҰА пайдалануда тиісті даярлығы және тәжірибесі бар мамандары Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 шілдедегі № 364 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғыларына сәйкес қызметтік тергеп-тексеру жүргізеді.

5. Әуе кемесімен жерүсті оқиға болған жағдайда мемлекеттік авиацияның басқару органы оны тергеп-тексеру және әуе кемесін қалпына келтіру тәртібін айқындау жөнінде комиссия тағайындайды. Тергеп-тексеру актісінің Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бір данасы мемлекеттік авиацияның ұшу қауіпсіздігі органына ұсынылады.

6. Авиациялық оқиғаларды немесе оқыс оқиғаларды тергеп-тексеру мақсаты жағдайдың және (немесе) қосымша факторлардың себептерін анықтау, авиациялық оқиғаларды болғызбау және ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ұсынымдарды пысықтау болып табылады.

7. Авиациялық оқиғаны немесе оқыс оқиғаны тергеп-тексеру мақсаты біреудің кінәлілігін және жауапкершілігін анықтау болып табылмайды.

8. Авиациялық жағдайға тергеп-тексеру жүргізу кезінде комиссия мүшелерінің және сарапшылардың қызметіне комиссия құрамына кірмейтін лауазымды адамдар тарапынан араласуға жол берілмейді.

2-бөлім. Авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды тергеп-тексеру тәртібі 1-тарау.

Авиациялық оқиғалар

1-параграф. Авиациялық оқиға туралы хабардар ету

9. Авиациялық оқиға болған жағдайда, сондай-ақ экипажбен радиобайланыс жоғалған және радиолокациялық станциялар индикаторларының экрандарында әуе кемесінен белгілер жоғалған кезде әуе кемесінің ұшуына басшылық жасауды (әуе қозғалысын басқаруды) жүзеге асыратын ұшу жетекшісі (әуе қозғалысын басқару органы кезекші ауысымының аға кезекшісі) ол туралы авиация бөлімінің командиріне (әуе қозғалысына қызмет көрсету аймағындағы аға авиациялық бастыққа) және жоғары тұрған басқару органының жедел кезекшісіне дереу баяндайды.

Мемлекеттік авиация басқару органының жедел кезекшісі авиациялық оқиға туралы мемлекеттік авиация басқару органының басшысын (әуе кемесінің тиесілігі бойынша), Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабы Орталық командалық пунктін жедел кезекшісін және мемлекеттік авиацияның ұшу қауіпсіздігі органын хабардар етеді.

Ұшып өтуді орындайтын әуе кемесімен болған авиациялық оқиға туралы ақпарат авиациялық бөлім командиріне (осы әуе кемесінің тиесілігі бойынша) жеткізіледі.

Болған авиациялық оқиға туралы алғашқы ақпарат осы қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша авиациялық жағдайлар туралы хабарлауды есепке алу журналына тіркеледі.

10. Авиациялық бөлім командирі (әуе кемесінің тиесілігі бойынша) авиациялық оқиға туралы мемлекеттік авиация басқару органының басшысына (әскери-әуе күштерінің қолбасшысына) және мемлекеттік авиацияның ұшу қауіпсіздігі органының басшысына дереу ауызша баяндайды.

11. Ауызша баяндауда:

1) авиациялық оқиға (апат немесе авария) болған күн, уақыт, жіктемесі, авиациялық оқиға ауданы;

2) әуе кемесінің экипажы, бортында жолаушылардың болуы, салдары (зиян шекпеген, жараланған, қаза тапқан) туралы ақпарат;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 қарашадағы № 1296 қаулысымен бекітілген (бұдан әрі – № 1296 қаулы) Қазақстан Республикасының аумағында ұшуды іздестіру-құтқаруды қамтамасыз етуді ұйымдастыру жөніндегі қағидаларға сәйкес іздестіру-құтқару жұмыстарын ұйымдастыру туралы ақпарат;

4) белгілі мән-жайлар (ұшу тапсырмасы, метеожағдай, ұшып шығу әуеайлағы, әуе кемесінің түрі, борттық нөмірі және тиесілігі);

5) әуе кемесінің бортында қауіпті жүктің немесе оқ-дәрілердің болуы;

6) іздестіру-құтқару жұмыстарын жүргізуге қосымша көмек көрсету жөнінде ұсыныстар көрсетіледі.

Көрсетілген қандай да бір мәліметтің болмауы баяндауды кешіктіруге негіздеме болып табылмайды.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қорғаныс министрінің 04.02.2025 № 103 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Мемлекеттік авиация басқару органының басшысы авиациялық оқиға туралы ақпаратты нақтыланғаннан кейін мемлекеттік органның басшысына (әуе кемесінің тиесілігі бойынша) және мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті орган басшысына ауызша баяндайды, онда қысқаша мән-жайлар, салдары мен қабылданатын шаралар көрсетіледі.

13. Авиациялық бөлім командирі (әуе кемесінің тиесілігі бойынша) авиациялық оқиға туралы жедел ақпаратты жазбаша баяндау нысанында авиациялық оқиға болған сәттен бастап екі сағат ішінде мемлекеттік авиация басқару органының басшысына және мемлекеттік авиацияның ұшу қауіпсіздігі органының басшысына ұсынады.

14. Жедел ақпаратта:

- 1) авиациялық оқиға болған күн, уақыт, жіктемесі;
- 2) авиациялық оқиға болған аудан (радиобайланыс жоғалған және радиолокациялық станция индекаторының экранында әуе кемесінен белгінің жоғалған нүкте координаталары, әуе кемесі құлаған орын координаталары);
- 3) әуе кемесінің экипажы, ұшу тапсырмасы, метеожағдай, ұшып шығу әуеайлағы, әуе кемесінің түрі, борттық, зауыттық нөмірі және тиесілігі туралы деректер;
- 4) әуе кемесінің бортында болған жолаушылар туралы деректер;
- 5) әуе кемесінің бортында қауіпті жүктің немесе оқ-дәрілердің болуы және олардың сипаттамалары туралы деректер;
- 6) экипаж мүшелері, әуе кемесінің жолаушылары және қоршаған орта үшін авиациялық оқиғаның салдары туралы ақпарат;
- 7) № 1296 қаулыға сәйкес жүргізіліп жатқан іздестіру-құтқару жұмыстары туралы деректер;
- 8) авиациялық оқиға фактісі бойынша алғашқы іс-шараларды ұйымдастыру туралы деректер;
- 9) баяндауды беру сәтінде белгілі болған авиациялық оқиға жөніндегі басқа да нақты мәліметтер көрсетіледі.

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қорғаныс министрінің 04.02.2025 № 103 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Әуе кеңістігін пайдаланатын мемлекеттік органдарды авиациялық оқиға туралы хабардар етуді мемлекеттік авиацияның ұшу қауіпсіздігі органы жүзеге асырады.

16. Бағынысты авиациялық бөлімдерді, қамтамасыз ету бөлімдерін авиациялық оқиға туралы хабардар ету мемлекеттік авиация басқару органының тиісті басшысына жүктеледі.

17. Әскери бөлім командирі бір тәулік ішінде авиациялық оқиға туралы аумағында авиациялық оқиға болған жергілікті атқарушы органды (әкімдікті) және экология департаментін хабардар етеді.

2-параграф. Авиациялық оқиғаларды тергеп-тексеруді ұйымдастыру

18. Тергеп-тексерушілер кезекші тобының іс-шараларды орындауы және мемлекеттік авиацияның әуе кемелерімен болған авиациялық оқиғаларды тергеп-тексеру жүргізуді ұйымдастыруды мемлекеттік авиация ұшу қауіпсіздігі органының басшысына жүктеледі.

19. Авиациялық оқиғаны тергеп-тексеру үшін мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті орган басшысы авиациялық комиссия тағайындайды. Мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органның құрылымдық бөлімшелері комиссияны құру туралы бұйрық жобасын жедел келісуді қамтамасыз етеді.

Комиссия төрағадан, төрағаның орынбасарынан және комиссия мүшелерінен тұрады. Тиісті даярлығы және авиациялық оқиғаларды тергеп-тексеруге қатысқан тәжірибесі бар мемлекеттік авиация ұшу қауіпсіздігі органының ұшқыш құрамы қатарынан лауазымды адам авиациялық оқиғаны тергеп-тексеру жөніндегі комиссия төрағасы болып тағайындалады.

20. Комиссия мүшелері авиациялық персонал қатарынан тағайындалады. Комиссия құрамын мемлекеттік авиация ұшу қауіпсіздігі органының басшысы құрады.

21. Комиссияның жұмыс органдары:

1) комиссия құрамына кіретін және мемлекеттік авиация ұшу қауіпсіздігі органдарының жеке құрамы қатарынан комиссия мүшелері басшылық жасайтын ұшқыш, инженерлік-техникалық және әкімшілік-штабтық кіші комиссиялар;

2) кіші комиссиялар құрамына кірмейтін есептік-талдау, жұмыс, зерттеу, сараптама және басқа да топтар болып табылады.

Топтардың жұмысын комиссия мүшелері болып табылмайтын мамандар басқаруы мүмкін.

Жұмыс органдарын құру және оның құрамы туралы шешімді Комиссия төрағасы қабылдайды. Жұмыс органдарын құру және құрамы туралы шешімді комиссия төрағасы қабылдайды.

Кіші комиссиялардың негізгі міндеттері осы қағидаларға 2-қосымшада айқындалған

22. Комиссия авиациялық оқиғаларға тергеп-тексеруді құқық қорғау органдарынан тәуелсіз жүргізеді.

23. Авиациялық оқиғаны және инцидентті тергеп-тексеру бойынша комиссияның өкілеттігі:

1) авиациялық жағдай орнын, авиациялық оқиғаға немесе инцидентке қатысты объектілерді және сынықтарды қарап-тексеруді жүргізу;

2) олардың ұйымдық-құқықтық нысандарына және меншік нысанына қарамастан, ғылымның және техниканың тиісті салаларындағы білімді талап ететін міндеттерді шешу үшін ұйымдардың сарапшыларын, қызметкерлерін тарту;

3) авиациялық жағдайға қатысы бар немесе қатысы болуы мүмкін авиациялық оқиғаны көрген куәгерлерден және адамдардан сұрау, құқық қорғау органдарынан қажетті ақпаратты алу;

4) авиациялық оқиғаның немесе инциденттің және/немесе жанама факторларының себептерін анықтау үшін қажетті эксперименттік, сараптама, талдау, зертханалық және басқа да зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу;

5) ғылыми-зерттеу, конструкторлық, жөндеу және өнеркәсіптік ұйымдарына (бұдан әрі – ғылыми-зерттеу ұйымдары) жіберуге жататын объектілерді айқындау;

6) авиациялық оқиғаға немесе инцидентке ұшыраған әуе кемесін әзірлеуге, сынақтан өткізуге, жасауға, пайдалануға және жөндеуге, авиациялық персонал қатарынан адамдарды даярлауға, әуе қозғалысын ұйымдастыруға, әуе кемесінің ұшуларын орындауға және қамтамасыз етуге қатысты барлық мәселелерді зерделеу;

7) авиациялық жағдайға ұшыраған әуе кемесін, оның құрамдас бөлшектерін, осы мүліктің тиесілігіне қарамастан, оның бортындағы мүлікті, сондай-ақ осы әуе кемесінің ұшуын қамтамасыз ететін құралдар мен объектілерді тексеру;

8) осы авиациялық жағдайға байланысты мәселелер бойынша тиісті мемлекеттік органдардан, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардан мәліметтер мен деректерді сұрату және алу;

9) авиациялық жағдай болған әуе кемесі экипажы мүшелерінің, сондай-ақ авиациялық персонал қатарынан тиісті адамдардың психикалық-физиологиялық жай-күйіне зерттеу жүргізу;

10) авиациялық оқиғаларды және белгілі себептер бойынша авиациялық инциденттердің қайталануын болдырмау мақсатында ұсынымдарды пысықтау;

11) авиациялық жағдай болған авиациялық бөлімінің авиациялық персоналын Комиссияның жұмыс органдарының құрамында жұмысқа тарту;

12) объективтік бақылау материалдарын өңдеу орны туралы шешім қабылдау.

24. Комиссияның құрамында және оның жұмыс органдарында жұмыс істеу үшін тиісті мемлекеттік органдардың және мемлекеттік авиация басқару органдарының басшыларымен келісу бойынша мемлекеттік органдардың өкілдері, мемлекеттік авиацияның авиациялық персоналы тартылады. Комиссия құрамында және оның жұмыс органдарында жұмыс істеу үшін кандидаттар туралы ақпарат одан сұрау салу алынғаннан кейін бір тәулік ішінде мемлекеттік авиацияның ұшу қауіпсіздігі органына беріледі.

25. Авиациялық оқиғаны тергеп-тексеруге қатысуға мүдделі мемлекеттердің уәкілетті өкілдері тартылады.

Мүдделі мемлекеттер:

- 1) жағдай болған мемлекет;
- 2) әуе кемесі тіркелген мемлекет;
- 3) әуе кемесін (қозғалтқышты, жабдықты) жасаушы мемлекет;
- 4) әуе кемесін (қозғалтқышты, жабдықты) жасаушы мемлекет;
- 5) әуе кемесіне (қозғалтқышқа, жабдыққа) жөндеуді жүзеге асырған мемлекет;
- 6) авиациялық оқиға кезінде азаматтары қаза тапқан немесе дене зақымдарын алған мемлекет болып табылады.

26. Мүдделі мемлекеттер авиациялық оқиғаны тергеп-тексеруге қатысу үшін өзінің уәкілетті өкілін тағайындайды.

Уәкілетті өкілдер авиациялық оқиғаны тергеп-тексеруге қатысу үшін мамандарды (кеңесшілерді, сарапшыларды) тартады.

27. Авиациялық оқиғаны тергеп-тексеруге тергеп-тексеру жүргізіліп отырған ұшуды ұйымдастыруға, орындауға, қамтамасыз етуге немесе қызмет көрсетуге қатысы жоқ адамдар қатысады.

Комиссия мүшелері мен оның жұмыс органдарының мүшелері авиациялық оқиғаға қатысы бар заңды немесе жеке тұлғалар алдында қаржылық міндеттемелері бар сақтандыру компанияларының мүдделерін білдіре алмайды.

28. Әуе кемесін авиациялық оқиға орнынан эвакуациялау мақсаттылығы туралы шешімді комиссия төрағасымен келісу бойынша мемлекеттік органның (әуе кемесінің тиесілігі бойынша) басшысы қабылдайды.

29. Ұшуда пайдалану процесінде зақымданған әуе кемесін қалпына келтіру мақсаттылығы туралы шешімді мемлекеттік органның басшысы (әуе кемесінің тиесілігі бойынша) қабылдайды.

30. Іздестіруге қабылданған шаралар нәтижесіз болған жағдайларда авиациялық оқиғаға ұшыраған әуе кемесін іздестіруді тоқтату туралы шешімді комиссия төрағасы мемлекеттік органның басшысымен (әуе кемесінің тиесілігі бойынша) және іздестіру-құтқару командасының басшысымен келісу бойынша қабылдайды.

Авиациялық оқиғаға ұшыраған әуе кемесін іздестіруді тоқтату туралы шешім одан әрі іздестіру қолда бар іздестіру-құтқару күштерімен және құралдарымен әуе кемесін табуда және тірі қалған адамдарды құтқаруда нәтиже бермейді деп пайымдауға жеткілікті негіздемелер болғанда қабылданады.

Іздестіру ресми түрде тоқтатылған әуе кемесі, егер әуе кемесінің орны немесе оның сынықтары табылмаса хабарсыз жоғалған деп саналады. Оны іздестіру іздестіру-құтқару жұмыстары тоқтатылған сәттен бастап өткен уақытқа қарамастан, оның орны туралы қандай да болсын жаңа мәліметтер алынған кезде дереу жандандырылады.

31. Комиссия мүшелері мен тергеп-тексеруге тартылатын адамдарды авиациялық оқиға болған орынға жеткізуді және орналасқан орынға кері қайтаруды мемлекеттік

авиация басқару органының (авиациялық оқиғаға ұшыраған әуе кемесінің тиесілігі бойынша) басшысы ұйымдастырады.

32. Комиссия мүшелері мен тергеп-тексеруге тартылатын адамдар мемлекеттік авиацияның әуе кемесін пайдаланған кезде тергеп-тексеруді жүргізуге бұйрық көшірмесін және іссапар куәліктерін ұсынуы бойынша әуе кемесі жолаушыларының тізіміне енгізіледі.

33. Авиациялық оқиғаны тергеп-тексеруге байланысты барлық жұмыстарды авиациялық оқиғаға ұшыраған әуе кемесі пайдалануында тұрған мемлекеттік авиация органы және авиациялық бөлім қамтамасыз етеді.

Авиациялық бөлім тергеп-тексеруге қатысушыларды оқиға орнында жұмыс істеу үшін арнайы киіммен және аяқ киіммен, жеке қорғану құралдарымен, көлік құралдарымен және байланыс құралдарымен, қажетті құрал-саймандармен және шығын материалдарымен қамтамасыз етеді, оларға жұмыс істеу үшін қажетті жағдайлар жасайды, тергеп-тексеру материалдарын сақтауды, көбейтуді және таратуды ұйымдастырады, демалуға орналасуын және тамақтандыруды қамтамасыз етеді.

Авиациялық оқиғаны тергеп-тексеруді жүргізу үшін авиациялық бөлім ұсынатын мүлік, керек-жарақ пен техникалық құралдар тізбесі осы қағидаларға 4-қосымшада айқындалған.

34. Авиациялық оқиғаны тергеп-тексеру ұзақтығы, егер қосымша зерттеулер талап етілмесе, комиссия тағайындалған сәттен бастап авиациялық оқиғаны тергеп-тексеру актісін бекіткен күнге дейін алпыс тәуліктен аспайды.

Егер авиациялық техникаға зерттеулер және сынақтар жүргізу тергеп-тексеру үшін белгіленген мерзімдерде мүмкін болмаса, мемлекеттік авиация ұшу қауіпсіздігі органдарының басшысы уәкілетті органға баяндай отырып, тергеп-тексеру мерзімдерін ұзартады.

35. Егер Қазақстан Республикасының мемлекеттік әуе кемесімен авиациялық оқиға басқа мемлекет аумағында болған жағдайда мемлекеттік органның басшысы (авиациялық оқиғаға ұшыраған әуе кемесінің тиесілігі бойынша) тергеп-тексеруге қатысу үшін уәкілетті өкілдерді тағайындайды.

36. Қазақстан Республикасының мемлекеттік әуе кемелерімен басқа мемлекет аумағында болған авиациялық оқиғаларды тергеп-тексеру осы мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын ескере отырып жүргізіледі. Егер осы мемлекеттер арасында авиациялық жағдайларды тергеп-тексеру тәртібін регламенттейтін қағидалар, тиісті шарттар немесе келісімдер бар болса, онда көрсетілген қағидалар, шарттар немесе келісімдер қолданылады.

37. Мемлекеттік орган басшысының (әуе кемесінің тиесілігі бойынша) кез келген мемлекетке немесе ұйымға (мекемеге) авиациялық оқиғаны тергеп-тексеруге көмек көрсету және жәрдем көрсету өтінішімен жүгінуіне жол беріледі.

38. Егер аумағында авиациялық оқиға болған мемлекет осы оқиғаны тергеп-тексеру құқығын Қазақстан Республикасына берсе, онда осындай тергеп-тексеру қатысушы тиісті мемлекет болып табылатын шарттар мен келісімдерді және жағдай болған мемлекеттің ұлттық заңнамасын ескере отырып, осы қағидаларға сәйкес жүргізіледі.

39. Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының әуе кемесімен басқа мемлекет аумағында болған авиациялық оқиғаны тергеп-тексеру барысында туындайтын мәселелерді Авиациялық оқиғаны тергеп-тексеру жөніндегі комиссия төрағасы арқылы уәкілетті өкілдер шешеді.

Шетел ғылыми-зерттеу ұйымдарында арнайы зерттеулерді жүргізу қажет болған кезде уәкілетті өкілдер мемлекеттік органның басшысына (әуе кемесінің тиістілігі бойынша) баяндайды және ол туралы мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органды хабардар етеді.

40. Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының әуе кемесімен басқа мемлекет аумағында болған авиациялық оқиғаны тергеп-тексеру нәтижелері бойынша уәкілетті өкіл мемлекеттік органның басшысына (әуе кемесінің тиістілігі бойынша) және мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті орган басшысына жазбаша баяндаманы ұсынады.

41. Авиациялық оқиғаны тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін оқиға және оның тергеп-тексеру нәтижелері туралы ресми ақпарат мемлекеттік органның басшысы (әуе кемесінің тиістілігі бойынша) немесе оның тапсырмасы бойынша басқа адам авиациялық оқиға фактісі бойынша тергеуді жүзеге асыратын құқық қорғау органымен келісу бойынша жұртшылыққа, заңды тұлғалар мен азаматтарға жеткізеді.

3-параграф. Авиациялық оқиға кезіндегі лауазымды адамдардың әрекет ету тәртібі

42. Авиациялық оқиға болған сәттен бастап және комиссия (тергеп-тексерушілердің кезекші тобы) келгенге дейін жауапкершілік аймағында авиациялық оқиға болған аға авиациялық бастық, ал ол келгенге дейін әуе кемесі экипажының мүшелері алғашқы іс-шараларды жүргізеді.

43. Апатқа ұшыраған әуе кемесі экипажының мүшелері комиссия келгенге дейін әуе кемесінің, оның қосалқа бөлшектері мен сынықтарының, борттық объективті бақылау құралдарының, осы әуе кемесінің бортында болған заттардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдайды.

44. Авиациялық оқиға, әуеайлақтан тыс жерге мәжбүрлі қонған жағдайда әуе кемесінің экипажы әуе кемесін ұшуда пайдалану жөніндегі, жолаушыларды эвакуациялау және өрт сөндіру жөніндегі басшылықта көзделген әрекет етуді орындайды. Әуе кемесінде жанудың болмауына көзі жеткеннен кейін жауапкершілік аймағында авиациялық оқиға болған аға авиациялық бастық келгенше әуе кемесінің экипажы:

1) әуе кемесін жедел толық тоқсыздандырады (егер бұл эвакуация жүргізуге кедергі болмаса) және борттық өздігінен жазатын құралдардың сөндірілгеніне көз жеткізеді;

2) әуе кемесінің кабинасындағы басқару пульттерінің және борттық өздігінен жазатын құралдарға тиіспеуді қамтамасыз етеді;

3) әуе кемесінің бортындағы заттарға тиіспеуді қамтамасыз етеді, отынды, майды және басқа да сұйықтарды ағызып тастауға тыйым салады;

4) есіктерді, люктерді, капоттарды жабады және мүмкіндігінше пломбалайды;

5) әуе кемесін және оқиға орнын күзетуді ұйымдастырады;

6) болған жағдай туралы жақын әскери бөлімге немесе жергілікті атқарушы органдарға шұғыл хабарлау бойынша шараларды қабылдайды.

45. Комиссия төрағасының рұқсатынсыз авиациялық оқиға болған жерде өрт сөндіру, жараланғандар мен қаза тапқандарды эвакуациялау, сондай-ақ жойылуы мүмкін іздерді (мұз қатуы, күйе қабаттары, әуе кемесі қозғалысының топырақтағы іздері және тағы сол сияқты) тіркеу жөніндегі жұмыстарды қоспағанда, қандай да бір жұмыстарды жүргізуге жол берілмейді.

46. Жауапкершілік аймағында авиациялық оқиға болған аға авиациялық бастық авиациялық оқиға болған жерге келгенде мынадай алғашқы іс-шараларды жүргізеді:

1) іздестіру және авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуді ұйымдастырады;

2) әуе кемесінің жолаушылары мен экипажы мүшелерін құтқару, өрт сөндіру (сақтандыру), заттай айғақтарды сақтау жөніндегі қосымша шараларды қабылдау қажеттілігін айқындайды;

3) авиациялық оқиға болған орынды күзетуді ұйымдастырады, оған бөгде адамдардың келуін шектейді, әуе кемесіне, оның ішіндегі заттарына немесе оның сынықтарына (сынықтар астынан зардап шеккендерді алып шығу қажет болған жағдайларды қоспағанда) тиіспеуді қамтамасыз етеді. Комиссия келгенге дейін әуе кемесінің немесе оның сынықтарының орнын ауыстыруға, егер олар көлік құралдарының қауіпсіз қозғалысына немесе әуе кемелерінің қонуына кедергі жасаған жағдайларда рұқсат етіледі. Бұл жағдайларда әуе кемесінің немесе оның сынықтарының жай-күйі мен орны ауыстырылғанға дейін жерден бағдаршы тәсілімен және егжей-тегжей фото және бейне, ал қажет болған кезде әуеден түсірумен белгілейді. Оқиға болған жерді тергеп-тексеру актісі жасалады, онда әуе кемесінің және оның сынықтарының қалпы мен жалпы жай-күйі, жерге (жерүсті кедергілеріне) соғылу бұрышы көрсетіледі. Әуе кемесінің кабинасындағы құралдардың көрсеткіштерін, ауыстырып-қосқыштар мен басқару тұтқаларының қалпы фотоға түсіріледі немесе бейне түсіру көмегімен тіркеледі, кабинаны тергеп-тексеру актісі жасалады;

4) әуе кемесінің экипажын, әуе қозғалысын басқару және ұшуды қамтамасыз етуге, әуе кемесінің ұшуға дайындауға тікелей қатысқан жерүсті қызмет персоналдарын өз

міндеттерін атқарудан шеттету жөнінде шаралар қабылдайды. Аталған адамдар өз міндеттерін атқаруға комиссия төрағасының шешімімен жіберіледі;

5) қажет болған кезде сынықтарды бөлшектеу мен зақымдауды болдырмай, әуе кемесінің негізгі бөлшектеріне қатысты олардың орналасуын алдын ала фотоға түсіргеннен кейін және схемасын жасағаннан кейін қаза тапқандардың денесін эвакуациялау туралы нұсқау береді;

6) борттық объективті бақылау құралдарын, авиациялық оқиға орнында болған құжаттарды сақтау жөнінде шаралар қабылдайды, авиациялық оқиға болған орынға шектес жергілікті жердегі әуе кемесінің сынықтарын іздестіруді ұйымдастырады және олар табылған орындарда сақталуын қамтамасыз етеді. Егер борттық объективті бақылау құралдары агрессивті сұйықтықтарда немесе өрт ошағында болса, оларды дереу алып шығу, ақпаратты сақтауға шаралар қабылдау, осы қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұшу ақпаратын жинақтағыштарды алу және олардың сыртқы жай-күйі туралы акті жасау қажет. Басқа жағдайларда борттық объективті бақылау құралдарын комиссия келгенге дейін алуға жол берілмейді;

7) әуе кемесінде радиоактивті элементтердің изотоптары бар агрегаттар мен оқ-дәрілер болған кезде авиациялық оқиға болған жерде радиация деңгейін тексеруді, осы агрегаттарды, сондай-ақ тиісті мамандарды тарта отырып, бар оқ-дәрілерді алуды ұйымдастырады;

8) жалпы мақсаттағы объективті бақылау материалдарын (ұшуды басқару пункттеріндегі магнитофондардың дыбыс тасымалдағыш кассеталарын, авиациялық оқиға болған сәтте әуе кемесі солардың іс-қимылы аймағында болған радиолокациялық станциялар индикаторларының экрандарындағы бейне жазбасын тіркейтін фотокассеталарды, бейнекассеталарды) алуды және оларды мөрлеуді ұйымдастырады;

9) әуе кемесін ұшуға дайындау кезінде пайдаланылған керек-жарақты, отынның бақылау сынамаларын, ұшуды жерүсті қамтамасыз ету құралдарын мөрлеуді ұйымдастырады, май құюды тоқтату туралы және авиациялық оқиғаға ұшыраған әуе кемесіне май құю жүзеге асырылған ыдыстарды (отын құйғыштарды) мөрлеу туралы нұсқау береді;

10) авиациялық оқиғамен аяқталған әуе кемесінің ұшуына қатысы бар ұшу, техникалық және басқа да құжаттаманы (ұшудың жоспарлы кестелерін, метеорологиялық құжаттаманы, экипаж мүшелерінің ұшу және медициналық кітапшаларын, ұшуға басшылық жасауды (оны басқаруды) жүзеге асыратын әуе қозғалысын басқару органының құжаттамасын, әуе кемесін дайындау формулярлары мен журналын, жанармайға, майға, арнайы сұйықтықтар мен газға арналған құжаттарды, борттық объективті бақылау құралдарымен тіркелетін параметрлердің соңғы көрсеткіш материалдарын, аппараттық журналдарды) алуды және сақтауды ұйымдастырады;

11) әуеайлақтағы, ұшу маршруты бойынша және авиациялық оқиға болған жердегі метеорологиялық жағдайды тіркеу (бақылап өлшеу) жөнінде шаралар қабылдайды;

12) авиациялық оқиға болған әуе кемесі экипажының мүшелеріне, ұшуға басшылық жасауды және оған әуе кемесін тікелей дайындауды жүзеге асырған адамдарға медициналық қарап-тексеру жүргізуді, олардың әрекеттеріне жазбаша түсініктемелер алуды ұйымдастырады;

13) оқиға сәтіне жақын кезеңде авиациялық оқиға ауданында ұшуды орындаған әуе кемелерін анықтауды ұйымдастырады және осы әуе кемелерінің борттық объективті бақылау құралдарындағы ақпаратты сақтау жөнінде шара қабылдайды;

14) авиациялық оқиғаны көрген адамдарды анықтайды және кейін комиссияға ұсыну үшін олардан түсініктемелер алады;

15) авиациялық оқиға болар алдында әуе кемесін ұшуға дайындау және оны орындау туралы ақпараттың және тиісті құжаттардың сақталуы мақсатында авиациялық оқиға туралы әуе кемесі ұшып шыққан әуеайлақтың аға авиациялық бастығына хабарлайды;

16) комиссия жұмысын қамтамасыз ету тобын құрады.

Алғашқы іс-шаралар нәтижесінде алынған барлық материалдар комиссия келісімен оларға тапсырылады.

47. Жерүсті және борттық магнитофондарды ашуға және тыңдауға, борттық өздігінен жазу құралдарының кодын және шифрын ашуға, сондай-ақ ұшуға және оны қамтамасыз етуге қатысты құжаттамаға қандай да бір толықтырулар, өзгерістер немесе түзетулер енгізуге жол берілмейді. Жерүсті және борттық объективті бақылау құралдарымен жұмыс жасау тек комиссия төрағасының нұсқауы бойынша жүргізіледі.

48. Жерүсті объективті бақылау құралдарының материалдары комиссия келгенге дейін тек іздестіру және авариялық-құтқару жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында пайдаланылуы жіберіледі. Аға авиациялық бастық ақпаратты сақтау жөнінде барлық шараларды қабылдайды және жерүсті объективті бақылау құралдарын алу және олардың сыртқы жай-күйі туралы актіні жасайды.

49. Авиациялық оқиғаға ұшыраған әуе кемесін пайдалануды, жөндеуді және техникалық қызмет көрсетуді орындаған ұйымдардың басшылары авиациялық оқиға туралы ақпаратты алғаннан кейін тиісінше осы әуе кемесін сынақтан өткізуге, жөндеуге және пайдалануға және оның ұшуын қамтамасыз етуге қатысты құжаттаманың сақталуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды.

4-параграф. Авиациялық оқиғаны тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның жұмыс істеу тәртібі

50. Комиссияның (тергеп-тексерушілер кезекші тобының) жиналуы және авиациялық оқиға болған жерге кетуі тапсырма алынғаннан кейін төрт сағаттан кешіктірілмей жүргізіледі.

Авиациялық оқиғаға тергеп-тексеру жүргізу кезіндегі комиссия қажетті мүлкінің, керек-жарағы мен техникалық құралдарының тізбесі осы қағидаларға 6-қосымшада айқындалған.

51. Комиссия төрағасының авиациялық оқиғаға байланысты мәселелер бойынша нұсқаулары авиациялық оқиғаны тергеп-тексеруге және комиссия жұмысын қамтамасыз етуге байланысты барлық лауазымды адамдардың орындауы үшін мүлтіксіз болып табылады.

52. Комиссия төрағасы тергеп-тексерудің барлық кезеңдерінде комиссияның жұмысын ұйымдастырады, жүргізеді және бақылайды, барлық тергеп-тексеруге қатысушылардың әрект етуін үйлестіреді. Тергеп-тексерудің негізгі ұйымдық және әдістемелік мәселелері жөніндегі шешімдерді комиссия қабылдайды, бұл ретте комиссия төрағасының соңғы шешімді қабылдау құқығы бар.

53. Комиссия отырыстары талқыланатын мәселелер, қабылданған шешімдер, төрағаның нұсқаулары сипатталатын хаттамалармен ресімделеді. Талқыланатын мәселелер бойынша келіспеушіліктер болған кезде хаттамада тараптардың ұстанымдары сипатталады. Хаттамаларға кіші комиссиялардың төрағалары қол қояды және оны комиссия төрағасы бекітеді.

Қажет болған кезде комиссия отырысының ұнтаспалық ақпаратты құжаттау құралдарына жазу жүргізіледі, ол туралы хаттамаға тиісті жазба жасалады.

54. Комиссияның жұмысы жоспарға сәйкес жүзеге асырылады, оның жобасы төраға оны бекітілгенге дейін комиссия отырысында қаралады және талқыланады. Жоспарда комиссия қызметінің негізгі бағыттары, жұмысты орындау жүйелілігі, зерттеулер, сондай-ақ олардың аяқталу мерзімдері көрсетілген жұмысты жүргізу үшін жауаптылар көзделеді.

Комиссия жұмыс жоспарының іс-шаралары кіші комиссиялардың және жұмыс топтарының жоспарларында нақтыланады. Комиссияның және кіші комиссиялардың жұмыс жоспары тергеп-тексеру барысында алынған нақты деректерге байланысты түзетіледі және толықтырылады.

55. Базасында тергеп-тексеру бойынша жұмыс жүргізіліп жатқан әскери бөлім командирі комиссия жұмысын қамтамасыз ету үшін өз бұйрығымен материалдық-техникалық қамтамасыз ету тобын тағайындайды, оларға:

1) комиссияны және тергеп-тексеру жұмыстарына тартылатын мамандарды материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

2) жергілікті атқарушы органдармен және ұйымдармен комиссияның жұмысын қамтамасыз ету бойынша барлық мәселелер бойынша өзара іс-қимыл жасау;

3) тергеп-тексеру мақсатында оқиға болған жерден әуе кемесін және оның қосалқы бөлшектерін эвакуациялауды, сондай-ақ комиссия тапсырмасы бойынша авариялық техниканы (қосалқы бөлшектерін) зерттеу үшін тиісті ұйымдарға жіберуді ұйымдастыру жүктеледі.

56. Кіші комиссиялар жұмысының нәтижелері есеп берулер нысанында ресімделеді, олар комиссия отырысында қаралғаннан кейін авиациялық оқиғаны тергеп-тексеру ісіне тіркеледі.

57. Комиссия эксперименттік, сараптама, талдау, зертханалық және басқа да зерттеулер жүргізуді ұйымдастырады, сараптамалар мен зерттеулер жүргізу үшін объектілерді айқындайды.

58. Тергеп-тексеруге тартылатын мамандар олардың мамандығына байланысты жұмыс топтарының құрамына енгізіледі немесе жеке мәселелер бойынша сарапшылар ретінде пайдаланылады.

59. Сарапшы (маман) комиссия (кіші комиссия) төрағасынан жауап талап етілетін сұрақтар тізбесі бар жазбаша нысанда техникалық тапсырма алады.

Жұмыс нәтижелері сарапшы (маман) қол қоятын қорытынды түрінде ресімделеді, ол авиациялық оқиғаны тергеп-тексеру ісіне тіркеледі.

60. Авиациялық оқиғаны тергеп-тексеру барысында мемлекеттік орган басшысының (авиациялық оқиғаға ұшыраған әуе кемесінің тиесілігі бойынша) рұқсатымен және авиациялық оқиға фактісі бойынша тергеуді жүзеге асыратын органмен келісу бойынша тек осы авиациялық оқиға туралы нақты деректерді жария етілуі мүмкін.

61. Авиациялық оқиғаның мән-жайы туралы ақпаратты осы оқиғаны тергеп-тексеруге қатысушылар комиссия төрағасына береді. Комиссия төрағасының келісімімен олар ақпаратты ұшу қауіпсіздігін арттыруға бағытталған шараларды қабылдау үшін қолдануы мүмкін. Тергеп-тексеру процесіне залал келтірмеу үшін көрсетілген ақпарат бөгде адамдарға берілмейді және талқыланбайды.

5-параграф. Авиациялық оқиғаны тергеп-тексеру кезінде зерттеулер жүргізу

62. Арнайы зерттеулер жүргізу қажеттілігін комиссия айқындайды.

63. Авариялық авиациялық техниканы зерттеу жұмыс істеу үшін арнайы дайындалған орында, егер ондай мүмкіндік бар болса, ұқсас әуе кемесінде жүргізіледі.

64. Авиациялық оқиға орнында авариялық авиациялық техниканы зерттеу мүдделі мемлекеттердің өкілдерімен бірге жүргізіледі. Көрсетілген өкілдер авиациялық оқиға туралы хабардар етілген сәттен бастап бес тәулік ішінде келмеген жағдайда зерттеу олардың қатысуынсыз жүргізіледі.

65. Егер тергеп-тексеру үшін қызығушылық тудыратын әуе кемелері мен оның агрегаттары басқа мемлекетте жасалған болса және сол мемлекетте зерттеу жүргізу қажеттілігі туындаған жағдайда осындай зерттеуді жүргізу туралы шешімді тиісті мемлекеттің авиациялық оқиғаны тергеп-тексеру саласындағы уәкілетті органымен келісу бойынша комиссия қабылдайды.

66. Авиациялық оқиғаны тергеп-тексеруге байланысты зерттеуді комиссия айқындайтын ғылыми-зерттеу институты жүргізеді.

67. Авиациялық техника объектілерін ғылыми-зерттеу, оның ішінде шетел мемлекетінің ұйымдарында зерттеу комиссия өкілетті өкілдерінің қатысуымен орындалады.

68. Зерттеу жүргізу үшін негіздеме комиссияның техникалық тапсырмасы болып табылады, онда зерттеу жүргізу мақсаты, авиациялық оқиға мән-жайының қысқаша мазмұны, әуе кемесі және зерттеу объектісі, оларды жөндеу және техникалық қызмет көрсету туралы деректер көрсетіледі.

69. Зерттелуге жататын объектілер зерттеу туралы шешім қабылданған сәттен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірілмей ғылыми-зерттеу ұйымының мекенжайына жіберіледі.

70. Объективті бақылау құралдарының мәнін ашу Комиссияның өкілетті өкілдерінің қатысуымен әуе кемесін жасаушы мемлекетте немесе әзірлеуші мемлекетте жүргізілуі жіберіледі. Мәнін ашу жөніндегі жұмыстар тиісті мемлекеттің авиациялық оқиғаларды тексеру саласындағы уәкілетті органымен келісу бойынша жүзеге асырылады.

71. Зерттеу нәтижелері бойынша ерікті нысанда есеп беру жасалады, оған зерттеуге қатысушылар қол қояды, оны ғылыми-зерттеу ұйымының басшысы бекітеді және комиссияға жолданады. Есеп беру тергеп-тексеру материалдарының ажырамас бөлігі болып табылады.

72. Комиссияның техникалық тапсырмасын қамтитын барлық зерттеу материалдары, зерттеу жүргізу бағдарламасы, арнайы әзірленген әдістемелер және барлық жұмыс материалдары (сынау, өлшеу, зертханалық талдау хаттамалары және тағы сол сияқты) ғылыми-зерттеу ұйымы есеп беруінің данасына тіркеледі.

73. Ғылыми-зерттеу ұйымы зерттеуден өткен авиациялық техника объектілерін және борттық өздігінен жазғыш құралдардың ұшу ақпаратын сақтағышын зерттеу жүргізу аяқталғаннан кейін комиссияға береді.

6-параграф. Авиациялық оқиғаны тергеп-тексеру нәтижелері бойынша құжаттарды ресімдеу тәртібі

74. Комиссия жұмысының нәтижелері бойынша қорытынды құжат осы қағидаларға 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша авиациялық оқиғаны тергеп-тексеру актісі (бұдан әрі – тергеп-тексеру актісі) болып табылады, ол кіші комиссиялар мен жұмыс топтарының есеп беруінде мазмұндалған материал мен қорытынды, зерттеу мен сараптама нәтижелері негізінде, сондай-ақ комиссияның қарауындағы басқа да материалдарды ескере отырып жасалады. Тергеп-тексеру актісі төрт данада жасалады және оған комиссия мүшелері қол қояды.

75. Авиациялық оқиғаны тергеп-тексеру актісі басқа да тергеп-тексеру материалымен бірге осы қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік авиацияның әуе кемелерімен болған авиациялық оқиғаларды тергеп-тексеру ісіне ресімделеді.

Авиациялық оқиғаны тергеп-тексеру актісінің мазмұнымен немесе қорытындыларымен келіспейтін комиссия мүшесі 24 сағат ішінде негіздемесі және нақты ұсыныстары бар ерекше пікірін жазбаша түрде комиссия төрағасына ұсынады.

Комиссия төрағасы ерекше пікірді қарау үшін арнайы топ құрады, ол бойынша дәлелді қорытындыны дайындайды. Егер комиссия ерекше пікірді ескермесе, оны ұсынған комиссия мүшесі "ерекше пікірмен" деген белгі қойып, тергеп-тексеру актісіне қол қояды. Ерекше пікір ол бойынша дәлелді қорытындымен бірге тергеп-тексеру актісіне тіркеледі.

Кіші комиссиялар мен жұмыс топтарының есептерін жасау және оларға қол қою кезінде ұқсас тәртіп сақталады.

76. Тергеп-тексеру актісін бекіту алдында авиациялық оқиғаны тергеп-тексеру ісі мемлекеттік органның басшысына (авиациялық оқиғаға ұшыраған әуе кемесінің тиесілігі бойынша) танысу үшін ұсынылады. Авиациялық оқиғаны тергеп-тексеру материалдарын және себептері туралы комиссияның қорытындыларын зерделегеннен кейін мемлекеттік органның басшысы (әуе кемесінің тиесілігі бойынша) тергеп-тексеру материалдарын алғаннан бастап бес жұмыс күні ішінде авиациялық оқиғаны тергеп-тексеру ісін комиссия төрағасына береді.

77. Авиациялық оқиғаның себептері туралы комиссияның қорытындыларымен келіспеген жағдайда мемлекеттік органның басшысы (әуе кемесінің тиесілігі бойынша) авиациялық оқиғаны тергеп-тексеру ісін алған сәттен бастап он жұмыс күні ішінде мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті орган басшысының мекенжайына тергеп-тексеру нәтижелерін қайта қарау туралы ұсынысты жолдайды, онда:

- 1) комиссия қарамаған проблемалар;
- 2) осы проблемаларды қарау қажеттілігінің негіздемесі;
- 3) қосымша зерттеу мен сараптама жүргізу жөніндегі ұсыныстар;
- 4) осы мәселелерді қарау үшін сараптама тобының құрамы туралы ұсыныстар көрсетіледі.

78. Егер тергеп-тексеру нәтижелеріне ықпал еткен осы қағидаларды бұзу фактілері анықталған жағдайда немесе егер комиссия тұжырымдары мен қорытындыларын қате деп санауға негіздеме болса, мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органның басшысы тергеп-тексеру нәтижелерін қарау туралы ұсыныс негізінде комиссияның авиациялық оқиғаның себептері туралы қорытындыларын қайта қарау туралы шешім қабылдайды.

79. Авиациялық оқиғаның себептері туралы қорытындыны қайта қарау үшін мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органның басшысы сараптау тобын тағайындау туралы бұйрық шығарады, ол жаңа мән-жайлар мен фактілерді ескере отырып, қосымша зерттеу жүргізеді және авиациялық оқиғаны тергеп-тексеру ісіне тіркелетін сараптама қорытындысын дайындайды.

80. Мемлекеттік органның басшысы (авиациялық оқиғаға ұшыраған әуе кемесінің тиесілігі бойынша) тергеп-тексеру материалдарымен танысқаннан кейін комиссия төрағасы мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органның басшысына авиациялық оқиғаны тергеп-тексеру актісін қоса бере отырып, оның нәтижелері туралы баяндаманы ұсынады. Баяндамада авиациялық оқиғаның мән-жайлары, оның себептері, тергеп-тексеру барысында анықталған кемшіліктер, сондай-ақ комиссияның осындай авиациялық оқиғаларды болғызбау жөніндегі ұсынымдары көрсетіледі.

Егер сараптау тобы қосымша зерттеу жүргізген жағдайда комиссия төрағасы сараптама қорытындысын ескере отырып, комиссияның авиациялық оқиғалар себептері туралы бұрынғы қорытындыларын өзгерту негіздемесімен Авиациялық оқиғаның себептері туралы түпкілікті қорытынды жасайды.

81. Авиациялық оқиғаны тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін мемлекеттік авиацияның ұшу қауіпсіздігі мамандары авиациялық бөлімдерде талдау жүргізеді, онда авиациялық оқиғаның мән-жайлары мен болған себептері, тергеп-тексеру нәтижесі бойынша анықталған қауіпті факторлар мен кемшіліктер, сондай-ақ осындай авиациялық оқиғаларды болғызбау жөніндегі ұсынымдар туралы ақпаратты жеткізеді.

82. Авиациялық оқиғаны тергеп-тексеру ісі төрт данада жасалады және тергеп-тексеру актісі бекітілгеннен кейін он жұмыс күні ішінде тергеп-тексеру актісінің :

бірінші данасы – мемлекеттік авиация ұшуының қауіпсіздігі органына;

екінші данасы – мемлекеттік авиацияның басқару органына (әуе кемесінің тиесілігі бойынша);

үшінші данасы – авиация бөліміне (әуе кемесінің тиесілігі бойынша);

төртіншісі – әскери прокуратура органына жолданады.

83. Авиациялық оқиғаны тергеп-тексеру ісінің мемлекеттік авиация қауіпсіздігі органындағы данасы ұдайы сақтаудағы құжат болып табылады, қалған даналардың сақталу мерзімі – он жыл.

2-тарау. Авиациялық оқыс оқиғалар

1-параграф. Авиациялық оқыс оқиғалар туралы хабар беру

84. Авиациялық бөлімдерде (қамтамасыз ету бөлімдерінде) басшы лауазымды адамдарды авиациялық оқыс оқиға туралы хабардар ету осы Жаднаманы ескере отырып әзірленетін Авиациялық оқиға немесе оқыс оқиға кезінде лауазымды адамдар әрекет етуінің тәртібі жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.

85. Хабардар ету жоғары тұрған командалық пунктке (әуе кемесінің тиесілігі бойынша) жедел кезекшілер желісі бойынша ауызша жүзеге асырылады, онда олар авиациялық жағдайлар туралы хабардар етуді есепке алу журналдарында, сондай-ақ мемлекеттік авиацияның ұшу қауіпсіздігі органында есепке алынады:

авиациялық оқыс оқиға туралы – ұшу аяқталғаннан кейін бір сағат ішінде;
елеулі авиациялық оқыс оқиғалар туралы – дереу.

86. Барлық елеулі авиациялық оқыс оқиғалар туралы авиациялық бөлім командирі мемлекеттік авиация басқару органының (әуе кемесінің тиесілігі бойынша) және мемлекеттік авиация ұшу қауіпсіздігі органының басшысына дереу ауызша баяндайды.

87. Авиациялық бөлім командирі мемлекеттік авиация басқару органының (әуе кемесінің тиесілігі бойынша) және мемлекеттік авиация ұшу қауіпсіздігі органының басшысына жазбаша баяндама нысанында жедел ақпаратты: ұшу (ұшып өту) аяқталғаннан кейін бір сағат ішінде авиациялық оқыс оқиға туралы, елеулі авиациялық оқыс оқиға болған сәттен бастап екі сағат ішінде елеулі авиациялық оқыс оқиға туралы баяндайды.

88. Жедел ақпаратта:

- 1) авиациялық оқыс оқиғаның қауіпті дәрежесі мен салдары бойынша жіктемесі;
- 2) күні, тәулік уақыты және метеорологиялық жағдай;
- 3) авиациялық бөлім, әуесайлақ, әуе кемесінің түрі, борттық нөмірі;
- 4) экипаж командирінің (инструктордың) лауазымы, сыныбы, әскери атағы, тегі мен аты-жөні;
- 5) жаттығу нөмірі, ұшу тапсырмасының мазмұны және ұшу кезеңі;
- 6) белгілі мән-жайлар, ұшқыштың (экипаждың) және ұшуды басқару тобының (әуе қозғалысын басқару органының) әрекет етуі;
- 7) әуе кемесінің зақымдалу сипаты;
- 8) авиациялық техника туралы деректер;
- 9) әуе кемесінің бортында жолаушылардың, қауіпті жүктің немесе оқ-дәрілердің болуы туралы деректер;
- 10) ұшуды басқару тобының персоналы (әуе қозғалысын басқару органы) туралы деректер, егер оқыс оқиға олардың әрекет етуіне байланысты болса;
- 11) қамтамасыз ету құралдары туралы деректер, егер оқыс оқиға олардың пайдаланылуына байланысты болса;
- 12) қабылданған іс-шаралар көрсетіледі.

2-параграф. Авиациялық оқыс оқиғаларды анықтау және оларды тергеп-тексеру тәртібі

90. Қауіпті факторларды немесе авиациялық оқыс оқиғаларды анықтаған кезде ұшуды ұйымдастыруға, дайындауға, жасауға және қамтамасыз етуге (қызмет көрсетуге) қатысатын авиациялық персонал бұл туралы өзінің тура және тікелей бастығына баяндайды.

91. Авиациялық оқыс оқиғаларды анықтау, оларды толық және объективті тергеп-тексеру, сондай-ақ оларды есепке алуды жүргізу жөніндегі жұмысты бақылауды мемлекеттік авиацияның басқару органдары, авиациялық бөлімдердің қолбасшылығы және ұшу қауіпсіздігі органдарының тиісті мамандары жүзеге асырады.

92. Авиациялық оқыс оқиғаларды анықтау үшін:

- 1) ұшуды ұйымдастыратын, орындайтын, қамтамасыз ететін және қызмет көрсететін адамдардың жеке бақылаулары мен баяндаулары;
- 2) объективті бақылау материалдары;
- 3) ұшуды бақылайтына адамдардың ақпараты мен баяндаулары;
- 4) ұшу жетекшісінің және ұшуға инженерінің журналдарындағы жазбалар;
- 5) ұшу және техникалық құжаттама;
- 6) куәгерлердің куәлік етуі;
- 7) тергеп-тексеруге жататын авиациялық жағдайлар туралы мәліметі бар адамдардың өз еркімен хабарламасы пайдаланылады.

93. Әрбір авиациялық оқыс оқиға авиациялық оқиғаны тексерудің сол қағидаттарына негізделген және сол мақсатта жүргізілетін тергеп-тексеруге жатады.

Авиациялық оқыс оқиғаны тергеп-тексеру кезінде кіші комиссияларды және жұмыс топтарын құру туралы шешімді Авиациялық оқыс оқиғаны тексеру жөніндегі комиссияның төрағасы қабылдайды.

Мемлекеттік авиацияда тергеп-тексеруге жататын авиациялық оқыс оқиғалардың тізбесі осы Қағидаларға 9-қосымшада келтірілген.

94. Әуе кемесінің зақымдануымен болған елеулі авиациялық оқыс оқиғаларды тергеп-тексеру кезінде жұмысқа әуе кемесін әзірлеуші ұйымдардың, жасаушы ұйымдардың және жөндеу кәсіпорнының өкілдері тартылады.

Әуе кемесінің зақымдануымен елеулі авиациялық оқыс оқиғаны тергеп-тексеру жөніндегі комиссияны мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органның басшысы құрады.

Елеулі авиациялық оқыс оқиға кезіндегі әуе кемесінің зақымдануларына агрегаттарды ауыстыру жолмен жойылатын және әуе кемесінің пайдалану-техникалық құжаттамасымен көзделмеген технологияларды қолдануды талап етпейтін зақымданулар жатпайды.

Әуе кемесін зақымдануымен болған елеулі авиациялық оқыс оқиға болған жағдайда Комиссия төрағасы мемлекеттік авиация басқару органының басшысымен (әуе кемесінің тиесілігі бойынша) оқиға болған күннен бастап жиырма тәуліктен кешіктірмей мемлекеттік органының басшысына (әуе кемесінің тиесілігі бойынша) оны қайта қалпына келтіру бойынша ұсыныстар береді.

95. Егер тергеп-тексеру үшін қызығушылық тудыратын әуе кемесінің агрегаттары басқа мемлекетте жасалған және осы мемлекетте агрегаттарға зерттеу жүргізу қажет болған жағдайда Комиссия төрағасы мемлекеттік органның басшысына (әуе кемесінің тиесілігі бойынша) осындай зерттеулер жүргізу қажеттілігі туралы баяндайды. Бұл ретте әуе кемесінің агрегаттарын зерттеулер ұйымдарда (мекемелерде), соның ішінде шет мемлекеттерде, Комиссияның уәкілетті өкілдерінің қатысуымен жүргізіледі.

Агрегаттарды басқа мемлекетте зерттеу мәселесі тиісті мемлекеттің авиациялық жағдайларын тергеп-тексеру саласындағы уәкілетті органмен келісіледі.

96. Елеулі авиациялық оқыс оқиғаны тергеп-тексеру жөніндегі комиссия мемлекеттік авиацияны басқару органы басшысының (әуе кемесінің тиесілігі бойынша) бұйрығымен құрылады. Бұл ретте елеулі авиациялық оқыс оқиғаны тексеру жөніндегі комиссияның төрағасымен әуе кемесі командирінің жүйесін ұшуда орындайтын ұшқыш құрамынан мемлекеттік авиацияны басқару органының (ӘӘК қолбасшысы басқармасының) лауазымды адамы тағайындалады.

97. Авиациялық оқыс оқиғаларды тергеп-тексеруге тергеп-тексеру жүріп жатқан ұшуды орындауға, қамтамасыз етуге немесе қызмет көрсетуге тікелей қатысы жоқ адамдар қатысады.

98. Авиациялық оқыс оқиғаларды тергеп-тексеру үшін авиациялық бөлім (әуе кемесінің тиесілігі бойынша) командирінің (бастығының) бұйрығымен авиациялық оқыс оқиғаларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссия құрылады.

99. Әуе кемесі негізгі әуеайлақтан алыста болған кезде авиациялық оқыс оқиғаларды мемлекеттік авиация басқару органы басшысының бұйрығымен құрылатын комиссия тергеп-тексереді.

100. Мемлекеттік авиация ұшу қауіпсіздігі органы басшысының шешімі бойынша елеулі авиациялық оқыс оқиғаны немесе авиациялық оқыс оқиғаны тергеп-тексеруді мемлекеттік авиация ұшу қауіпсіздігі органының комиссиясы жүзеге асырады.

101. Авиациялық оқыс оқиғаны тергеп-тексеру жөніндегі комиссияны тағайындау туралы бұйрық шығарылған сәттен бастап және тергеп-тексеру актісі бекітілгенге дейін тексеру мерзімі, егер қосымша зерттеулер жүргізу талап етілмесе, бес жұмыс күнінен, елеулі авиациялық оқыс оқиға – он жұмыс күнінен, әуе кемесінің зақымдануымен болған елеулі авиациялық оқыс оқиға – отыз тәуліктен аспайды.

Арнайы зерттеулер және қосымша іс-шаралар жүргізуді талап ететін жағдайларда комиссияны тағайындаған органның басшысы комиссия төрағасының қолдауы бойынша белгіленген тексеру мерзімін ұзартады.

102. Әрбір авиациялық жағдайды тергеп-тексеру нәтижелері бойынша осы қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша авиациялық жағдайды тергеп-тексеру актісі жасалады, оны комиссияны тағайындаған лауазымды адам бекітеді. Авиациялық жағдайды тергеп-тексеру материалдары тергеп-тексеру актісіне тіркеледі.

Егер бір ұшуда бірнеше авиациялық жағдай болса, онда бір тексеру актісі жасалады.

Авиациялық жағдайды тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде тергеп-тексеру актісінің бекітілген даналары және оған тіркелген материалдар:

тергеп-тексеру актісінің бірінші данасы – мемлекеттік авиацияның ұшу қауіпсіздігі органына;

екінші данасы – мемлекеттік авиацияның басқару органына;

үшінші данасы – авиациялық бөлімге;

төртінші данасы – сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын органға (сұрау салу бойынша) жолданады.

103. Егер авиациялық жағдайды тергеп-тексеру тәртібінде кемшіліктер анықталған немесе Комиссияның қорытындылары мен нәтижелерін қате деп санайтын негіздер бар болған жағдайда мемлекеттік авиация ұшу қауіпсіздігі органының басшысы тергеп-тексеру актісін бекіткен әскери басқару органына осы авиациялық жағдайды тергеп-тексерудегі кемшіліктерді жою және оның нәтижелерін қайта қарау жөніндегі ұсыныстарды жолдайды.

104. Авиациялық оқыс оқиғаны (елеулі авиациялық оқыс оқиғаны) тексеру ісінің даналарын сақтау мерзімі – бес жыл, әуе кемесінің зақымдануымен болған елеулі авиациялық оқыс оқиғаны – он жыл.

3-тарау. Авиациялық оқиғаларды болғызбау жөніндегі іс-шаралар. Авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды жіктеу және есепке алу. Авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғалар туралы деректерді ұсыну жүйесін құру тәртібі

1-параграф. Авиациялық оқиғаны немесе оқыс оқиғаны тексеру нәтижелері жөніндегі профилактикалық іс-шараларды әзірлеу

105. Авиациялық жағдайды тергеп-тексеру барысында алынған ақпаратты талдау негізінде авиациялық оқиғаны немесе оқыс оқиғаны тергеп-тексеру жөніндегі комиссия ұшу қауіпсіздігін арттыру жөніндегі ұсыныстар мен ұсынымдарды әзірлейді. Ұсынымдарды әзірлеу кезінде ұшу қауіпсіздігіне ықпал ететін барлық қауіпті, оның ішінде ұшуда ерекше жағдайдың туындауы мен дамуына тікелей ықпал етпеген, бірақ ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіретін факторлар ескеріледі.

106. Ұсынымдарда авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету, оны жөндеу және пайдалану жүйесін жетілдіру, ұйымдық-штаттық құрылымдарды жетілдіру, авиациялық персоналды кәсіби даярлау деңгейін арттыру, әуе қозғалысын және ұшуды жерүсті қамтамасыз етуді басқаруды жетілдіру, нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мәселелері және авиациялық қызметтің басқа да аспектілері қамтылады.

107. Тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның ұсыныстары мен ұсынымдары негізінде профилактикалық іс-шаралар әзірленеді, олар профилактикалық іс-шаралар жоспары түрінде ресімделеді.

Авиациялық оқиғаны немесе әуе кемесінің зақымдануымен болған елеулі авиациялық оқыс оқиғаны тергеп-тексеру нәтижелері жөніндегі профилактикалық іс-шаралар жоспарын негізгі әзірлеуші мемлекеттік авиацияны басқару органы (авиациялық оқиғаға ұшыраған әуе кемесінің тиесілігі бойынша), қоса орындаушы – авиациялық бөлім (әуе кемесінің тиесілігі бойынша) болып табылады. Авиациялық

оқиғаларды немесе әуе кемесінің зақымдануымен болған елеулі авиациялық оқиғаны тергеп-тексеру нәтижелері жөніндегі профилактикалық іс-шаралар жоспары жиырма жұмыс күні ішінде әзірленеді.

Елеулі авиациялық оқиғаны тергеп-тексеру нәтижелері бойынша профилактикалық іс-шаралар жоспарын әзірлеушілер мемлекеттік авиацияны басқару органының ұшу қауіпсіздігі органы, авиациялық оқиғаны – авиациялық бөлімнің ұшу қауіпсіздігі органы болып табылады. Елеулі авиациялық оқиғаны тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның ұсынымдарын іске асыру жөніндегі профилактикалық іс-шаралар жоспары он жұмыс күні ішінде, авиациялық оқиғаны – үш жұмыс күні ішінде әзірленеді.

Профилактикалық іс-шаралар жоспарларын әзірлеуді бастау мерзімі тексеру жөніндегі комиссияның ұсыныстары мен ұсынымдарын алған сәттен бастап саналады.

108. Комиссия төрағасының шешімімен ұшу қауіпсіздігі жөніндегі шұғыл профилактикалық іс-шаралар авиациялық жағдайды тергеп-тексеру аяқталғанға дейін әзірленеді және енгізіледі.

Авиациялық оқиғаны немесе әуе кемесінің зақымдануымен болған елеулі авиациялық оқиғаны тексеру жөніндегі комиссияның ұсынымдарын іске асыруды бақылау мемлекеттік авиацияның ұшу қауіпсіздігі органына жүктеледі.

Елеулі авиациялық оқиғаны немесе авиациялық оқиғаны тексеру жөніндегі комиссияның ұсынымдарын іске асыруды бақылау мемлекеттік авиацияны басқару органына жүктеледі.

109. Профилактикалық іс-шаралар жоспарын жасау кезінде авиациялық оқиғаны немесе оқиғаны тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның барлық ұсынымдары орындауға қабылданады. Сонымен қатар, іс-шаралар жоспарына тергеп-тексеру кезінде анықталған және авиациялық оқиғаны немесе оқиғаны тексеру жөніндегі комиссияның ұсынымдарында көрсетілмеген кемшіліктерді жоюға бағытталған қосымша шаралар енгізіледі.

110. Өзара байланысты бірнеше авиациялық жағдайды тергеп-тексеру нәтижелері бойынша біріктірілген профилактикалық іс-шаралар жоспарын әзірлеуге жол беріледі.

111. Профилактикалық іс-шаралар жоспарын авиациялық жағдайды тергеп-тексеру жөніндегі комиссияны тағайындаған басшы бекітеді. Жоспардың көшірмелері орындаушыларға және мемлекеттік авиацияның ұшу қауіпсіздігі органына жолданады.

112. Орындаушылар белгіленген мерзімдерде профилактикалық іс-шараларды іске асыру туралы профилактикалық іс-шаралар жоспарын бекіткен басшыға және мемлекеттік авиацияның ұшу қауіпсіздігі органына баяндайды. Жоспардың іс-шараларын орындау мүмкін болмаған жағдайда орындаушылар белгіленген мерзім аяқталғанға дейін бес тәуліктен кешіктірмей орындамау себептері туралы жазбаша баяндауды ұсынады.

113. Тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін авиациялық жағдайды тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның төрағасы авиациялық бөлімде талқылау жүргізеді, онда авиациялық жағдайдың мән-жайлары мен себептері, тергеп-тексеру нәтижесінде анықталған қауіпті факторлар мен кемшіліктер туралы ақпаратты, сондай-ақ ұқсас авиациялық жағдайларды болғызбау жөніндегі ұсынымдарды жеткізеді. Талқылауды жүргізу уақытын, орны мен тәртібін, сондай-ақ оған тартылатын лауазымды адамдардың тізімін авиациялық жағдайды тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның төрағасы айқындайды.

2-параграф. Авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды жіктеу және есепке алу

114. Авиациялық жағдайлар олардың салдарының ауырлығына қарай авиациялық оқиға және авиациялық оқыс оқиға болып бөлінеді.

115. Авиациялық оқыс оқиғаларды жіктеу туралы шешімді авиациялық бөлімнің командирі қабылдайды.

Авиациялық жағдай дұрыс жіктелмеген жағдайда оны жіктеу туралы түпкілікті шешімді мемлекеттік авиация ұшу қауіпсіздігі органының басшысы қабылдайды.

116. Авиациялық жағдайды әуе кемесінің зақымдануымен болған елеулі авиациялық оқыс оқиғаға немесе аварияға жатқызу туралы шешімді мемлекеттік органның басшысы (әуе кемесінің тиесілігі бойынша) қабылдайды.

117. Авиациялық оқиғалар олардың салдарының ауырлығына қарай:

- 1) адам шығынымен болған авиациялық оқиғалар – апаттар;
- 2) адам шығынысыз авиациялық оқиғалар – авариялар болып жіктеледі.

118. Авиациялық оқыс оқиғалар олардың қауіптілігі дәрежесі мен салдарына байланысты авиациялық оқыс оқиғаларға, елеулі авиациялық оқыс оқиғаларға және әуе кемесінің зақымдануымен болған елеулі авиациялық оқыс оқиғаларға жіктеледі.

119. Екі немесе бірнеше әуе кемесінің соқтығысуы (қауіпті жақындауы) бір жағдай ретінде тексеріледі және туындаған салдарларға сәйкес әрбір әуе кемесі үшін жіктеледі. Тергеп-тексеру нәтижелері бойынша бір авиациялық жағдайды тергеп-тексеру ісі ресімделеді.

Бірнеше әуе кемесін авиациялық оқиғаға немесе оқыс оқиғаға тарту кезінде олардың әрбірі үшін салдар осы Қағидалардың 2-тармағында көрсетілген анықтамаларға сәйкес жеке жіктеледі.

120. Барлық авиациялық жағдай есепке алуға жатады, бұл ретте:

13) авиациялық бөлімде (бөлімшеде) авиациялық бөлімнің (бөлімшенің), оның ішінде уақытша пайдаланудағы әуе кемелерімен болған авиациялық жағдай есепке алынады;

14) мемлекеттік авиацияның басқару органында (әскери-әуе күштері қолбасшысының басқармасында) бағынысты бөлімдер мен бөлімшелердің әуе кемелерімен болған авиациялық жағдайлардың есебі жүргізіледі;

15) мемлекеттік авиацияның ұшу қауіпсіздігі органында мемлекеттік авиацияда болған барлық авиациялық жағдай есепке алынады.

121. Авиациялық бөлімдердің қолбасшылығы анықтаған бірінші факторлар (себептер) тобы бойынша авиациялық жағдайларды есепке алу осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес авиациялық жағдайларды есепке алу және талқылау журналында жеке жүргізіледі. Ұшу қауіпсіздігі жай-күйін талдау кезінде жоғарыда көрсетілген жағдайлар бойынша статистика авиациялық оқиғаларды болғызбау жөніндегі қызметте оң фактор ретінде қаралады.

122. ҰҰА-мен болған авиациялық жағдайларғатергеп-тексеру жүргізуді бақылауды және оларды есепке алуды әуе кемесінің тиесілігі бойынша әскери басқару органдары жүргізеді.

123. Әрбір авиациялық оқиға осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Авиациялық оқиғаларды есепке алу журналында тіркелуге жатады. Авиациялық оқиғаларды есепке алу журналдары мемлекеттік авиацияның ұшу қауіпсіздігі органында, мемлекеттік авиацияның басқару органдарында, авиациялық бөлімдерде жүргізіледі. Авиациялық оқиғаларды есепке алу журналы тұрақты сақтаудағы құжат болып табылады.

124. Мемлекеттік авиация басқару органдарының командалық пункттерінде (басқару пункттерінде), авиациялық бөлімдерде және қамтамасыз ету бөлімдерінде, мемлекеттік авиацияның ұшу қауіпсіздігі органында авиациялық жағдайлар туралы хабардар етуді есепке алу журналы жүргізіледі.

125. Алып тасталды - ҚР Қорғаныс министрінің 04.02.2025 № 103 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

126. Мемлекеттік авиацияның ұшу қауіпсіздігі органында мемлекеттік авиацияда болған барлық авиациялық оқиға есепке алынады.

127. Мемлекеттік авиацияның басқару органдарында, Әскери-әуе күштері қолбасшысының басқармасында басқармалар (қызметтер, бөлімдер) бастықтары (әрқайсысы өз бағыты бойынша) ұшуды ұйымдастыру, жүргізу, басқару және қамтамасыз ету кезінде орын алған авиациялық оқиға оқиғаларды, бұзушылықтар мен кемшіліктерді есепке алады. Есепке алу ұшуды ұйымдастыру, жүргізу, басқару және қамтамасыз ету кезінде орын алған авиациялық оқиға оқиғаларды, бұзушылықтар мен кемшіліктерді есепке алу журналында осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізіледі.

128. Авиациялық бөлімшелерде авиациялық оқиға оқиғалар, ұшқыш құрамының (экипаждың) бұзушылықтары мен қате әрекет етуі авиациялық оқиға оқиғаларды, ұшқыш құрамының (экипаждың) бұзушылықтары мен қате әрекет етуін есепке алу журналында осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепке алынады.

129. Авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды есепке алу мемлекеттік авиацияның әуе кемелерімен болған авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғалар факторлары (себептері) топтары бойынша осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

130. Ұшу қауіпсіздігін арттыру жөніндегі ұсынымдарды толық әзірлеуді қамтамасыз ету мақсатында авиациялық бөлімдер ай сайын оны күніне дейін мемлекеттік авиацияның ұшу қауіпсіздігі органына өткен айда анықталған авиациялық техниканың ақаулықтарын есепке алу бланкілерінің көшірмелерін ұсынады.

131. Мемлекеттік авиацияның ұшу қауіпсіздігі органында, мемлекеттік авиацияның басқару органдарында (Әскери-әуе күштері қолбасшысының басқармасында) авиациялық жағдайларды есепке алу электрондық форматта (Microsoft Excel қосымшасы) деректерді кемінде екі магниттік ақпаратты жеткізгіште сақтаумен жүргізуге жол беріледі.

3-тарау. Авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғалар туралы деректерді ұсыну жүйесін құру тәртібі

132. Авиациялық оқиғаларды болғызбау жөніндегі іс-шараларды ақпараттық қамтамасыз етуді ұйымдастыру қажетті құрылымдық бөлімшелерді, ғылыми-зерттеу ұйымдарын тартумен мемлекеттік авиацияның ұшу қауіпсіздігі органына жүктеледі.

133. Ұшу қауіпсіздігі жөніндегі ақпараттық құжаттар құрылымдық тұрғыдан:

- 1) авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғалар мән-жайларының қысқаша мазмұнын;
- 2) авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғалар себептерінің сипаттамасын, ұшуда ерекше жағдайдың даму қарқынын;
- 3) істен шығуды анықтау белгілерінің сипаттамасын және осы жағдайларда қажет авиациялық персоналдың дұрыс әрекет етуін;
- 4) әуе кемелері экипаждарының, инженерлік-техникалық құрамның дұрыс (дұрыс емес) әрекет етуін, қызметтік құжаттар талаптарының орындалу дәрежесін талдау мен талқылауды;
- 5) осындай жағдайлардың қайталануын болдырмау үшін қажетті шаралар туралы ұсынымдарды;
- 6) жеке құрамға басшының (командирдің, бастықтың) талаптарын жеткізуді;
- 7) оларды орындау жөніндегі нұсқауларды қамтиды.

134. Алып тасталды - ҚР Қорғаныс министрінің 04.02.2025 № 103 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

135. Мемлекеттік авиацияның басқару органдарында әзірленген ұшуды ұйымдастыру, жасау және қамтамасыз ету жөніндегі құжаттардың жобалары мемлекеттік авиацияның ұшу қауіпсіздігі органымен келісілуге жатады.

136. Мемлекеттік авиацияның басқару органдарында және авиациялық бөлімдерде ақпаратты жинауға жәрдем көрсету үшін авиациялық оқиғалар немесе оқыс оқиғалар туралы деректер ұсыну жүйесі құрылады.

137. Авиациялық оқиғалар немесе оқыс оқиғалар туралы деректер ұсыну жүйесі жазалауға бейімделмеген және ақпарат көздерін қорғауды көздейді. Авиациялық оқиғалар немесе оқыс оқиғалар туралы ақпаратты ұсынған адамдар авиациялық оқиға немесе оқыс оқиға туралы кез келген ақпарат оларға қарсы пайдаланылмайтынына сенімді болуға тиіс.

138. Авиациялық оқиғаларды немесе оқыс оқиғаларды болдырмау жөніндегі өз бағдарламасы шеңберінде авиациялық оқыс оқиғалар туралы ерікті түрде ұсынылған баяндамаларды пайдаланатын мемлекеттік авиация басқару органдарының басшылары, авиациялық бөлімдердің командирлері алынған ақпаратты белгілі себептер бойынша авиациялық оқиғаларды болғызбау және авиациялық оқыс оқиғалардың қайталануын болдырмау мақсатында пайдаланады.

139. Адамдар ерікті түрде ұсынған авиациялық оқыс оқиға туралы әрбір ақпарат жоғары тұрған басқару органдарының, оның ішінде болжамды авиациялық жағдай орнына баруымен тексерілуге тиіс.

Қазақстан Республикасында
мемлекеттік авиациядағы
авиациялық оқиғалар мен оқыс
оқиғаларды тергеп-тексеру
қағидаларына
1-қосымша
Нысан
Бекітемін

(тергеп-тексеруактісін бекітетін
лауазымды адамның лауазымы,
әскери атағы, инициалдары және
тегі)
20__ жылғы " __ " _____

Жерүсті оқиғаны тергеп-тексеру актісі

Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Қорғаныс министрінің 04.02.2025 № 103 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

(әуе кемесінің типі)

(авиациялық бөлім, мемлекеттік органының атауы)

(жерүсті оқиғаның болған күні және орны)

1. Әуе кеме штатта тұрған бөлімінің командирі, бөлімшесінің командирі және жерүсті оқиғаға қатысты адамдары туралы мәліметтер (әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), туылған күні, лауазымы, лауазымға тағайындалған күні).

2. Әуе кемесі туралы мәліметтер (типі, зауыттық нөмірі, өндіруші-зауыты, шыққан күні, жөндеулердің саны, соңғы жөндеудің күні, ресурстың қалдығы).

3. Авиациялық оқиға мән-жайы (күні, апта күні, тәулік уақыты, жерүсті оқиғасының уақыты (Астана/Гринвич бойынша), метеорологиялық жағдай). Тергеп-тексеру барысында жерүсті оқиғасының себебіне негіз болған қандай мән-жай анықталды. Жерүсті оқиғасына қатысы бар адамдардың әрекеті. Әуе кемесі және қоршаған орта үшін салдары.

4. Жерүсті оқиғаны тергеп-тексеру барысында анықталған кемшіліктер.

5. Қорытынды (еркін түрде жерүсті оқиғаның себептері мазмұндалады).

6. Жерүсті оқиғаны тергеп-тексеру бойынша комиссиясының ұсыныстары (тергеп-тексеру барысында анықталған кемшіліктерді жоюға ұсыныстар ұсынылады).

7. Әуе кеменің жарамды түріне келтіру тәртібі (әуе кеменің жарамды түріне келтіру барысындағы орындалған (жоспарланған) жұмыстардың тізімі, әуе кемені сапқа тұрғызу күні (ұсынылған күні).

Комиссия төрағасы _____

(әскери атағы, қолы, инициалдары және тегі)

Комиссия мүшелері: _____

_____ (әскери атағы, қолы, инициалдары және тегі)

Қазақстан Республикасында
мемлекеттік авиациядағы
авиациялық оқиғалар мен оқыс
оқиғаларды тергеп-тексеру
қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Авиациялық жағдайлар туралы хабарламаларды есепке алу журналы

	Авиациялық бөлім. Әуесайлақ. Кім баяндады.	Әуе кеменің түрі.	Ұшу тапсырмасы.	Экипаж және ұшуға басшылық жасау тобының персоналы (әуе қозғалысын басқару органы), ұшуға басшылық жасаушы	Кімге баяндалды. Т.А.Ә. (бар	
--	--	-------------------	-----------------	--	---------------------------------	--

Күні	Баяндау уақыты. Т.А.Ә. (бар болған жағдайда). Лауазымы	Авиациялық жағдайдың болған уақыты. Тәулік уақыты. Метеожағдай	Авиациялық жағдайдың мән-жайлары және салдары	туралы деректер. Егер авиациялық ағдай авиациялық техниканың істен шығуымен байланысты болса, әуе кемесі туралы деректер.	болған жағдайда). Лауазымы.	Үлкен бастықтың нұсқаулары. Қабылданған шаралар.
------	--	--	---	--	--------------------------------	---

Ескертпе:

1. Журнал мемлекеттік авиация басқару органдарының командалық пункттерінде (басқару пункттерінде) авиациялық бөлімдерде және қамтамасыз ету бөлімдерінде жүргізіледі.

2. Авиациялық жағдайлар туралы баяндаулардың хронологиялық жүйелілікпен командалық пункттің (басқару пунктінің) кезекші ауысымы қабылдайды және өңдейді. Алынған ақпарат мемлекеттік авиация басқару органының командалық пунктімен авиациялық бөлімдердің және қамтамасыз ету бөлімдердің жедел кезекшілеріне (әскери бөлім бойынша кезекшілерге) жеткізіледі.

3. Журналдарды кемінде екі ақпарат жеткізгіште сақтаумен электрондық форматта (Microsoft Excel қосымшасында) жүргізуге жол беріледі.

Қазақстан Республикасында
мемлекеттік авиациядағы
авиациялық оқиғалар мен оқиғаларды тергеп-тексеру
қағидаларына
3-қосымша

Кіші комиссиялардың негізгі міндеттері

1. Кіші ұшқыштар комиссиясының негізгі міндеттері:

- 1) авиациялық оқиғаның мән-жайларын қалпына келтіру;
- 2) әуе кемесі қозғалысының, әсіресе ерекше жағдай туындаған кезде немесе оның дамуы барысында траекториясы мен параметрлерін айқындау;
- 3) ерекше жағдайдың туындауы және дамуы туралы нақты мәліметтерді зерттеу;
- 4) экипаждың (ұшқыштың, ҰҰА операторының) ұшуды орындауға және ұшуға басшылық жасау тобы (әуе қозғалысын басқару (қызмет көрсету) органы) персоналының басшылық жасауға (әуе қозғалысын басқаруға (қызмет көрсетуге) нақты дайындығын, сондай-ақ ерекше жағдай туындаған және ол дамыған кезде экипаждың (ұшқыштың, ҰҰА операторының) және ұшуға басшылық жасау тобы (әуе қозғалысын басқару (қызмет көрсету) органы) персоналының әрекет етуін бағалау;

5) ұшуды ұйымдастыруда, экипаждың (ұшқыштың, ҰҰА операторының) және ұшуға басшылық жасау тобы (әуе қозғалысын басқару (қызмет көрсету) органы) персоналының дайындығында және әрекет етуінде кемшіліктер бар болған кезде олардың авиациялық оқиғаға әсер етуінің және онымен байланысының дәрежесін бағалау;

6) авиациялық оқиғамен байланысты борттық тіркеу құрылғыларының материалдарын, радиолокациялық мақсаттағы сымның схемаларын, жерүсті ұшуды басқару желілеріндегі магнитофондық радиоалмасу жазбалары мен сөйлесулерді талдау;

7) экипаждың, ҰҰА операторының денсаулық жағдайын, жұмыс қабілетін және психофизиологиялық қызмет ерекшеліктерін бағалау, осы факторлардың ерекше жағдайдың туындауына және нәтижесіне әсері;

8) ұшқыштың (экипаж мүшелерінің, ҰҰА операторының) моральдық-психологиялық дайындығын бағалау;

9) ұшуды басқару және оларға басшылық жасау пункттерінің радиотехникалық бақылау және басқару құралдарымен жабдықталуын зерделеу, ұшуға басшылық жасау (әуе қозғалысын басқару (қызмет көрсету) кезінде осы құралдардың жай-күйін және ұшуды басқару тобы (әуе қозғалысын басқару (қызмет көрсету) органы) персоналының оны пайдалануын бағалау;

10) жерүсті радиотехникалық құралдарымен ұшуды қамтамасыз етуді зерделеу және экипаждардың оларды ұшуда пайдалануы;

11) ұшуды метеорологиялық және орнитологиялық қамтамасыз етудің жай-күйін зерделеу;

12) авиациялық оқиға ауданындағы нақты метеожағдайларды және орнитологиялық жағдайды айқындау, олардың авариялық жағдайдың туындауына және дамуына әсер етуін бағалау;

13) ұшуды қамтамасыз етудегі кемшіліктерді талдау;

14) ерекше жағдайдың туындауын және дамуын және ұшқыштың (экипаждың, ҰҰА операторының) және ұшуға басшылық жасау тобы (әуе қозғалысын басқару (қызмет көрсету) органы) персоналының әрекет етуін талдау;

15) кіші комиссия жұмысының материалдарын жинақтау, авиациялық жағдайдың себептері туралы қорытындылар, ашылған кемшіліктерді жою және авиациялық оқиғаларды және авиациялық оқыс оқиғалардың қайталануын болдырмау жөнінде ұсыныстар дайындау.

2. Инженерлік-техникалық кіші комиссияның негізгі міндеттері:

1) авиациялық оқиғаның жағдайларын қалпына келтіру (кіші ұшқыштар комиссиясымен бірлесіп);

2) әуе кемесінің ұшудағы жұмыс қабілетін бағалау мақсатында оның жай-күйін зерттеу, ал істен шығу анықталған жағдайда – оның себебін анықтау;

3) әуе кемесін зерделеу және пайдалану шарттары мен сипатын, оған толық және уақтылы техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді бағалау;

4) инженерлік-техникалық құрамның даярлық деңгейін, олардың осы әуе кемесіне қызмет көрсету жөніндегі талаптарды сақтауын айқындау;

5) авиациялық техниканың конструкциясындағы, оны дайындау және жөндеу технологиясындағы анықталған кемшіліктерді бағалау, авиациялық жағдай салдарларымен олардың байланысын бағалау;

6) сақтау және май құю құралдарының жай-күйін, жанар майдың, майлардың, майлағыштардың, арнайы сұйықтықтардың және газдардың сапасын және оларды қолдану тәртібін сақтауды бағалау;

7) қажетті зерттеулер, сынаулар және эксперименттер жүргізу;

8) авиациялық оқиға себептерін айқындау үшін зерделенген факторлардың ерекше жағдайдың туындауына әсер ету дәрежесін талдау;

9) ашылған кемшіліктерді (құрылымдық, өндірістік, пайдаланудағы) жою және олардың қайталануын ескерту жөніндегі ұсынымдарды орындау;

10) материалдарды жинақтау, кіші комиссияның жұмысы туралы есеп беруді және авиациялық оқиғаның себептері туралы қорытындыға ұсыныстар әзірлеу.

3. Әкімшілік-штабтық кіші комиссияның негізгі міндеттері:

1) әуе кемесінің құлау орнын іздеуді ұйымдастыру, оның сынықтары мен бөлшектерін іздеу, авиациялық оқиға орнын фотоға түсіру;

2) іздестіру-құтқару жұмыстарын жүргізу сапасын бағалау;

3) комиссия мүшелерінің орналасуын ұйымдастыру, оларды тексеру жүргізу үшін қажетті материалдармен қамтамасыз ету;

4) авиациялық оқиға куәгерлерінен және көзімен көргендерден, сондай-ақ ұшуды ұйымдастыруға және жүргізуге қатысқан адамдардан сұрауды ұйымдастыру;

5) комиссия отырысын дайындау және хаттамаларды жүргізу;

6) кіші комиссияның тексеру материалдарын уақтылы ұсынуын бақылау;

7) кіші комиссияның жұмыс материалдарын жинақтау, есеп беруді дайындау;

8) тексеру актісінің материалдарын дайындау;

9) талқылау материалдарын ресімдеу.

Қазақстан Республикасында
мемлекеттік авиациядағы
авиациялық оқиғалар мен оқыс
оқиғаларды тергеп-тексеру
қағидаларына
4-қосымша

Авиациялық жағдайға тергеп-тексеру жүргізу үшін авиациялық бөлім ұсынатын мүлік, керек-жарақтар мен техникалық құралдар тізбесі

Р/с №	Атауы	Өлшем бірлігі	Саны
----------	-------	------------------	------

1	2	3	4
1.	20 адамға жиынтықтағы шатыр	дана	1
2.	Әуе кемесінің фрагменттерін орналастыру үшін жиынтықтағы шатыр	дана	1
3.	Қоншы ұзын су өтпейтін аяқкиім	жұп	20
4.	Қорғаныш киімі (күрте, шалбар)	жұп	20
5.	Әртүрлі күрек (қалақ, үшкір)	дана	10
6.	Авиациялық жағдай орнын қоршауға арналған тіреулер	дана	50
7.	Авиациялық жағдай орнын қоршауға арналған қызыл-ақ түсті сигналдық лента	метр	2000
8.	Медициналық дәрі қобдишасы	жиынтық	2
9.	Полиэтилен пакеттер (қаптар), әртүрлі	дана	50
10.	Радиация деңгейін айқындау үшін аспап	жиынтық	1
11.	Спутниктік навигатор	жиынтық	2
12.	УҚТ диапазонды авиациялық радиостанция	жиынтық	1
13.	Слесарьлық құрал-саймандар жиынтығы	жиынтық	2
14.	Жанар-жағармай материалдарының сынамаларын жинау үшін өлшеуіш ыдыс	дана	10
15.	Тексерушілерді тасымалдау үшін жүріп өту мүмкіндігі жоғары автомобиль (тікұшак)	бірлік	1
16.	Жердегі жұмыстарды жүргізуге арналған арнайы техника	бірлік	2-3
17.	Автомобиль краны	бірлік	1
18.	Әуе кемелерінің фрагменттерін	бірлік	1

	тасымалдауға арналған жүк автомобилі		
19.	Жиынтықтағы компьютер	жиынтық	3
20.	A4 монохромды принтері	жиынтық	3
21.	A4 түрлі-түсті принтері	жиынтық	1
22.	Бейнепроектор, экран	жиынтық	1
23.	Цифрлы планшетті сканер	жиынтық	1
24.	Тексеру материалдарына арналған папка (200 парақта)	дана	30
- 2) авиациялық оқиға туралы іздестіру-құтқару күштері кезекшілерін хабардар ету уақыты;
- 3) әуе кемесін іздестіруді бастау уақыты және оны табу уақыты;
- 4) іздестіруді қысқаша сипаттау: іздестіру ауданының шекаралары, іздестіру уақыты, іздестіру биіктігі, іздестіру нәтижелері;
- 5) жерүсті іздестіру-құтқару командаларын хабардар ету және олардың жиналған уақыты және авиациялық оқиға орнына келу уақыты;
- 6) авиациялық оқиға орнынан әуе кемесінің жолаушылары мен экипаж мүшелерін эвакуациялау уақыты мен тәсілдері. Зардап шеккендерді емдеу мекемесіне (қандай көрсетілсін) жеткізу уақыты;
- 7) іздестіру-құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде авиациялық оқиға болған әуе кемесі экипажы мүшелерінің әрекет етуі;
- 8) өрт сөндіру үшін тартылған күштер мен құралдар, оны жоюға кеткен уақыт;
- 9) борттық объективті бақылау құралдарын іздеу нәтижелері;
- 10) авиациялық оқиға орнын күзету үшін қабылданған шаралар (қандай күштермен, кім, күзетуді бастау және аяқтау уақыты);
- 11) іздестіру-құтқару жұмысын жүргізу кезіндегі метеожағдайлар;
- 12) жерүсті іздестіру-құтқару командалары келгенге дейін авиациялық оқиға орнынан эвакуацияланған әуе кемесінің қаза тапқан және жарақаттанған жолаушылары және экипажы мүшелері саны;
- 13) жерүсті іздестіру-құтқару командаларының авиациялық оқиға орнынан эвакуациялаған әуе кемесі жолаушылары және экипажы мүшелері саны;
- 14) қаза тапқандардың жеке басын анықтау;

15) патологоанатомиялық зерттеу үшін қаза тапқандардың мәйіті жіберілген мекеме

;

16) іздестіру-құтқару жұмыстарын ұйымдастыруды және жүргізуді қысқаша бағалау.

3. Авиациялық оқиға куәгерлерінен сұрау деректері.

Анықталған және сұрау жүргізілген адамдардың тізімі.

Р/с №	Тегі, аты, әкесінің аты, әкесінің аты (бар болған кезде)	Сұрау жүргізілген күн	Авиациялық оқиға сәтінде адамның болған жері	Тұрғылықты орны
-------	--	-----------------------	--	-----------------

Сауал жүргізілген адамдардың жауаптарын жинақтаудан туындайтын деректер.

4. Әуеайлақ туралы деректер.

Әуеайлақ сыныбы, ұшу-қону жолағының сипаттамалары, жабын жай-күйі, әуеайлақ ауданында және әуеден қонуға беттеу жолағында жасанды және табиғи кедергілердің болуы.

Әуеайлақты техникалық пайдалануға қысқаша бағалау.

5. Авиациялық оқиға орнынан авариялық әуе кемесін эвакуациялау туралы деректер

Авиациялық оқиға орнынан радиоактивтік элементтерді алу және оқ-дәрілерді қатерсіздендіру бойынша жүргізілген жұмыстар: күні, тартылған күштер мен құралдар.

Әуе кемесін авиациялық оқиға орнынан эвакуациялау бойынша жұмыстың басталған және аяқталған күні, бұл жұмысты жүргізу үшін тартылған күштер мен құралдар.

Авариялық әуе кемесін жеткізу орны.

6. Авиациялық оқиғаға қатысты құжаттарды, материалдарды алу туралы деректер.

Алынған және комиссияға берілген құжаттар тізбесі.

Комиссияның қосымша сұрау салған құжаттарының атаулары.

Комиссия үшін қажетті авиациялық оқиғаға қатысты материалдардың сақталуы.

7. Авиациялық оқиғадан келген экономикалық шығынды бағалау.

Жоғалған авиациялық техника құны _____ (мың теңге).

Жоғалған жүк құны _____ (мың теңге).

Авиациялық оқиғаға тергеп-тексеру жүргізуге шығындар _____ (мың теңге).

Тергеп-тексеруге ұшатын зертхана мамандарын тартуға шығындар _____ (мың теңге)

8. Авиациялық оқиғаларды тергеп-тексеру кезінде анықталған кемшіліктер.

Жолаушыларды және жүкті әуеде тасымалдауды ұйымдастырудағы кемшіліктер.

Іздестіру-құтқару және эвакуациялық жұмысын жүргізудегі кемшіліктер.

9. Қорытынды.

Әуе тасымалын ұйымдастыруда лауазымды адамдардың әрекет етуін, жүктеме нормаларын және ортаға дәлдеуді сақтауға, жолаушылар мен жүкке жеткізу

құжаттарын ресімдеуге, сондай-ақ іздестіру-құтқару жұмысының тиімділігіне баға беріледі. Егер олар әуе тасымалын ұйымдастырудағы және орындаудағы кемшіліктерге байланысты болса, авиациялық оқиға себептері көрсетіледі.

10. Ұсынымдар.

Анықталған кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсынымдар келтіріледі.

Кіші комиссия төрағасы _____

(лауазымы, әскери атағы, қолы, инициалдары және тегі)

Кіші комиссия мүшелері _____

(лауазымы, әскери атағы, қолы, инициалдары және тегі)

Есепке қосымшалар:

әуе тасымалына байланысты жеткізу құжаттарының, шарттардың және басқа да материалдардың көшірмелері;

кіші комиссия жұмыс топтарының материалдары;

жүргізілген іздестіру-құтқару жұмысы бойынша есеп;

өзінің растауын таппаған әуе тасымалына байланысты авиациялық оқиға нұсқаларының сипаттамасы;

экономикалық залалбағасын есептеу материалдары;

әуе тасымалын ұйымдастыруға, іздестіру-құтқару жұмысын ұйымдастыруға және орындауға қатысқан лауазымды адамдардың баянаттары, авиациялық оқиға куәгерлерінің куәлік етуі.

Қазақстан Республикасында
мемлекеттік авиациядағы
авиациялық оқиғалар мен оқыс
оқиғаларды тергеп-тексеру
қағидаларына
8-қосымша
Нысан

Ескерту. 8-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Қорғаныс министрінің 04.02.2025 № 103 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

_____ болған
(оқиға болған күні мен жері)

(экипаж командирінің лауазымы, сыныбы,

басқарған әскери атағы, Т.А.Ә. (бар болған кезде)

(әуе кемесінің түрі және борттық (зауыттық) нөмірі)

_____ тергеп-тексеру актісі
(авиациялық оқиға түрі)

Тергеп-тексеруді _____

(комиссия тағайындаған лауазымды адам) (күні)

№ _____ тағайындаған комиссия жүргізді.

Құрамында:

Төраға _____

(лауазымы, әскери атағы, тегі және инициалдары)

Төраға орынбасары _____

(лауазымы, әскери атағы, тегі және инициалдары)

Комиссия мүшелері _____

(лауазымы, әскери атағы, тегі және инициалдары)

Комиссия жұмысының мерзімдері:

басталуы _____

(авиациялық оқиға болған күн)

аяқталуы _____

(тергеп-тексеру актісіне қол қойылған күн)

Тергеп-тексеруге мынадай өкілдер қатысты:

(лауазымын, әскери атағын, тегі мен инициалдарын көрсете отырып,

мемлекеттік органдардың, ғылыми-зерттеу ұйымдарының және

кәсіпорындардың мамандары көрсетіледі)

Авиациялық оқиғаны тергеп-тексеру ісіне кіретін құжаттар мен материалдар тізілімі

:

1. Авиациялық оқиғаны тергеп-тексеру актісі.

2. Тергеп-тексеру актісіне қосымша:

1) оларды пысықтау нәтижелері бойынша қорытындыларды сипаттаумен авиациялық оқиға нұсқалары;

2) әуе кемесі құлаған жердегі қалдықтар;

3) әуе кемесі құлаған жерді және авариялық бөлшектерді қарап-тексеру хаттамасы;

4) объективті бақылау материалдарын талдау деректері;

5) әуе кемесі экипажының мүшелері арасындағы радиоалмасу хаттамасы;

6) әуе қозғалысын басқару (бұдан әрі – ҰҚБ) органдары персоналының әуе кемесі экипажымен сөйлесу хаттамасы;

7) авиациялық оқиға болған әуе кемесі радиолокациялық сымдарының фототүсірілімі

;

8) авиациялық оқиға болған әуе кемесі сымдары калькасының көшірмесі;

9) ұшу (авариялық ұшу учаскесінің) схемасы (траекториясы);

10) ұшуда ерекше жағдайдың туындау және өрбу моделі;

- 11) себептық-салдарлық байланыс моделі;
- 12) авиациялық оқиғаның өзге де себептері туралы негіздемелер мен ұсыныстар бар авиациялық оқиғаның себептері туралы комиссия мүшелерінің ерекше пікірі;
- 13) тергеп-тексеру мәселелері бойынша дау туындаған комиссия отырысының хаттамалары;
- 14) қосымшалар бар кіші комиссияның есеп беруі;
- 15) арнайы зерттеу бойынша есеп беру;
- 16) қызметтік ақпарат;
- 17) сараптамалық қорытындылар;
- 18) авиациялық оқиға және оны тергеп-тексеру нәтижелері туралы жеткізілім;
- 19) алып тасталды - ҚР Қорғаныс министрінің 04.02.2025 № 103 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.
- 20) авиациялық оқиғаны тергеп-тексеру нәтижелері жөніндегі профилактикалық іс-шаралар жоспары;
- 21) профилактикалық іс-шараларды орындау және анықталған кемшіліктерді жою туралы баяндаулар.

Тергеп-тексеру ісінің барлық құжаттары мен материалдары түсу шамасына қарай тіркеледі және папкаға тігіледі

Авиациялық оқиғаны тергеп-тексеру актісіне қол қойылғаннан кейін келген тергеп-тексеру ісінің құжаттары, осы тізімге сәйкес мемлекеттік авиацияның ұшу қауіпсіздігі органында тұрған авиациялық оқиғаны тергеп-тексеру ісінің данасына тігіледі.

Қазақстан Республикасында
мемлекеттік авиациядағы
авиациялық оқиғалар мен оқыс
оқиғаларды тергеп-тексеру
қағидаларына
9-қосымша

Мемлекеттік авиацияда тексерілуге жататын авиациялық оқыс оқиғалардың тізбесі

1. Елеулі авиациялық оқыс оқиғалар:
 - 1) әуе кемесінің соқтығысуы;
 - 2) әуе кемесінің жерүсті (суүсті) кедергімен соқтығысуы;
 - 3) ұшып көтерілу кезінде әуе кемесі конструкциясы элементінің(шассиді қоспағанда) жер бетімен жанасуы;
 - 4) әуе кемесінің зақымдау құралдарымен (жарықшақтармен) зақымдануы;
 - 5) әуе кемесінің атмосфералық электр разрядымен немесе/және бұршақпен бұзылуы (зақымдануы);

- 6) авиациялық зақымдау құралдарын рұқсат етілмеген және полигоннан тыс қолдану;
- 7) әуе кемесінің ауа райының қауіпті құбылыстарына тап болуы;
- 8) әуе кемесінің ұшқыш (экипаж) ондай жағдайларда ұшуға дайындалмаған метеорологиялық жағдайларға тап болуы. Ұшып көтерілу, қону кезінде немесе ұшуда ауа райының белгіленген минимумын бұзу;
- 9) конфигурациясыжасаушы зауыттың басшысы бекіткен Ұшуда пайдалану жөніндегі басшылықтың немесе Экипажға нұсқаулықтың (бұдан әрі – ҰПБ) талаптарына сәйкес келмейтін әуе кемесінің ұшып көтерілуі, ұшуы немесе қонуы;
- 10) ұшу тапсырмасында көзделмеген әуе кемесін құлдырау режиміне шығару, әуе кемесін басқаруды жоғалту;
- 11) құрылымында қалдық майысулардың пайда болуымен әуе кемесінің пайдалану шектеулерінен асыру;
- 12) ұшқыштың (экипаждың) кеңістік және көзбен шолу бағдарын жоғалтуы;
- 13) ауа райының қауіпті құбылыстарымен кездескен кезде белгіленген әуеайлақтан тыс қону жағдайларын қоспағанда, әуе кемесінің әуеайлақтан тыс (мақсатты түрде белгіленген алаңдар) мәжбүрлі қонуы;
- 14) ҰПБ-мен белгіленген әуе кемесіне тиеу немесе центрлеу нормаларын бұзу, ұшуда жүктердің орнының ауысуы;
- 15) ұшқыштың (ұшқыштар экипажы мүшесінің) жұмыс істеу қабілеттінің күрт төмендеуі немесе жоғалуы;
- 16) әуе кемесінің бортындағы өрт;
- 17) кабинада түтіннің, күйік иісінің, сұйықтық буларының, улы заттар иісінің пайда болуы немесе әуе кемесінің кабинасында ауа температурасының көтерілуі;
- 18) қосалқы қуат қондырғысының немесе оның агрегаттарының нүктелі бұзылуы;
- 19) қозғалтқыштың істен шығуы немесе тапсырмада көзделмеген сөнуі (соның ішінде оның істен шығуы туралы жалған сигналдың болуы салдарынан қозғалтқыштың ажыратылуы);
- 20) ҰПБ-даұшудағы ерекше жағдайларға жатқызылған әуе кемесін басқару жүйесінің істен шығулары;
- 21) ұшып көтерілуде немесе қону алды жоспарлауда тежегіш парашюттің өздігінен ашылуы, сондай-ақ оның қонуда ашылмай қалуы немесе үзілуі;
- 22) шамның (жарманың, жылжитын блистердің), иллюминаторлардың қирауы (ашылуы, жұлынуы), әйнектелген кабиналардың алдыңғы әйнегінде жол берілмейтін жарықшақтардың пайда болуы;
- 23) ұшуда әуе кемесі есіктерінің, люктарының, капоттарының немесе айнала ағызғыштардың немесе конструкциясының басқада элементтерінің жұлынып кетуі немесе өздігінен ашылуы;
- 24) планердің қуаттық элементтерінде жол берілмейтін жарықшақтың пайда болуы;

25) негізгі жүйеден бір немесе одан көп шасси тіреуішінің шықпауы. Шассидің өздігінен немесе қате шығуы немесе жиналуы, шасси тіреуіші, көлденең тіреуіші, арба элементтерінің қирауы;

26) мұз қатқан әуе кемесінде ұшу (мұз қатуға қарсы жүйемен қорғалғанбеттерде мұз бар болған кезде). Мұз қатуға қарсы жүйемен жабдықталмаған әуе кемесінде мұз қату жағдайларында ұшу. Мұз қатуға қарсы жүйесі істен шыққан немесе іске қосылмағанкүйде ұшу;

27) негізгі несесе басқару винті элементтерінің, негізгі немесе басқару винті төлкесінің қирауы немесе зақымдануы, трансмиссияның қирауы немесе ажырауы немесе трансмиссия агрегаттарының (тікұшақ үшін) қауіпті жұмыс режимдері дабылдамасының іске қосылуы;

28) ұшудың қауіпсіз биіктігін, белгіленген тігінен, ұзыннан және бүйірлік эшелондау қағидаларын бұзу;

29) қонуды алаңдарға, оның ішінде оларға қойылатын талаптарға және ҰПБ-да айқындалған қауіпсіздік шарттарына сәйкес келмейтін, әуеден таңдалғандарға орындау ;

30) ұшу-қону жолағының (қону алаңының) шегінен тыс қону, ұшып көтерілу немесе қону кезінде оның шегінен тыс шығу;

31) 4 км астам биіктікте экипаж кабинасының немесе әуе кемесі салоны (жүк бөлігі) герметизациясының бұзылуы;

32) бір немесе одан көп гидрожүйеде қысымның түсуі, гидрожүйе герметизациясының бұзылуы;

33) планер, қозғалтқыш элементтерінің зақымдауына немесе оның жұмыс режимінің бұзылуына әкеп соқтырған ұшуда құстармен немесе басқа да объектілермен соқтығысу;

34) әуе кемелеріне сұрыпталмаған жанар-жағармай материалдарын, сұйықтықтар және газдар құю;

35) әуе кемелерін дайындалмаған ұшу-қону жолақтарында қабылдау және жіберу;

36) ұшу тапсырмасын орындауға ықпал еткен байланыс және ұшуды радиотехникалық қамтамасыз етудің негізгі және қосалқы құралдарының істен шығулары;

37) жүкті өздігінен тастау, сыртқы аспалардың (тікұшақтың) жұлынуы;

38) қиын жағдайға немесе әуе кемесі экипажы мүшелерінің (жолаушылардың) денсаулығына зиян келуіне әкеп соқтырған басқада оқиғалар.

2. Авиациялық оқыс оқиғалар:

1) ұшуда пайдалану жөніндегі басшылықта көзделген әуе кемесін авариялық тастап кету құралдарынсыз ұшуды орындау;

2) ұшуды тоқтату;

3) ҰПБ талаптарына сәйкес келмейтін конфигурациямен ұшуды орындау әрекеті;

4) ҰПБ-да көзделген әуе кемесінің осы типі үшін барынша рұқсат етілгеннен артық жүктемемен қону. Қону кезінде әуе кемесі конструкциясы кез келген элементінің (шассиді қоспағанда) ұшу-қону жолағымен (жердің бетімен) жанасуы;

5) ұшып көтерілу немесе қону үшін төмендеу кезінде шатасу ізіне түсу;

6) топтық ұшулар орындау кезінде шатасу ізіне түсу;

7) ҰПБ-да немесе әуеайлақтың аэронавигациялық паспортында көзделген екінші айналымға кету нүктесінің рұқсат етілген биіктігінен (шешім қабылдау биіктігі) төмен биіктіктен екінші айналымға кету;

8) ұшу тапсырмасында көзделгеннен аз отын қалдығымен қону;

9) әуе кемесі және қуат қондырғылары элементтерінің зақымдануына әкеп соқтырмаған әуе кемесінің құстармен немесе басқа объектілермен соқтығысуы;

10) жауынгерлік немесе арнайы ұшуды (арнайы тапсырманы) орындау кезінде әуе кемесінің бүтіндігін немесе экипаж бен жолаушылардың өмірін сақтап қалу мақсатында мәжбүрлі түрде бұзу жағдайларын қоспағанда, ҰПБ-да белгіленген әуе кемесін пайдаланудағы шектеулер шегінен асыру;

11) әуе кемелері ұшу тәртібінің белгіленген ең төмен қауіпсіздік параметрлерін бұзу ;

12) топтық ұшуда жетекші әуе кемесін көріну аясынан жоғалту, жетекшіні жоғалту кезіндегі іс-қимылдар тәртібін бұзу;

13) қолда бар радиолокациялық станциялармен оларды жеке бақылауды болдырмайтын, тапсырмада көзделмеген әуе кемелерінің жақындауы;

14) әуе кемелерінің, полигон аумағындағы объектілердің, адамдар мен жануарлардың авиациялық зақымдау құралдарымен немесе олардың жарықшақтарымен зақымдауға әкеп соқтырмаған авиациялық зақымдау құралдарын қолданудың қауіпсіздік шараларын бұзу;

15) жетек реверсінің іске қосылмауы, ажыратылмауы, өздігінен немесе қате қосылуы немесе ажыратылуы, әуе винттерінің тіреуіштерден алынбауы;

16) шассидің алдыңғы тіреуішінің дөңгелегін басқару жүйесінің істен шығуы немесе оны экипаждың ажыратпауы;

17) негізгі тежеу жүйесінің істен шығуы, өздігінен тежеу немесе әуе кемесін басқару, ұшыру және қондыру кезінде дөңгелектердің тежеуден шығуы;

18) жекелеген бактардан отынның өңделмеуі, ҰПБ-да көзделген іс-қимылдармен жою мүмкін болмайтын оның біркелкі өңделмеуі немесе оның бактар бойынша бөлінуі. Отын шығынын немесе көлемін өлшеу жүйесінің істен шығуы;

19) бір және одан көп аспап бойынша ұшу биіктігі мен жылдамдығының мәндерін айқындаудың мүмкін болмауы;

20) бір және одан көп навигациялық жүйелінің істен шығуы немесе ажыратылуы;

21) бір немесе екі авиакөкжиегі бар әуе кемесінде бір авиакөкжиектің істен шығуы. Үш немесе одан көп авиакөкжиегі әуе кемесінде екі немесе одан көп

авиакөкжиектің істен шығуы.Бақылау жүйесінің істен шығуымен үйлесетін бір авиакөкжиектің істен шығуы. Ол туралы сигнал көрінбеген (немесе егер дабылдама көзделмесе) авиакөкжиектердің кез келген санының істен шығуы. Жалған сигналдар берумен авиакөкжиекті бақылау жүйесінің істен шығуы;

22) ұшуда радиобайланыстың істен шығуы, жоғалуы немесе әуе кемелері мен әуе қозғалысын басқару органдары арасында байланыстың бес минуттан артық болмауы;

23) бағдар арналарының, крендердің, тангаждың немесе ұшуды автоматты басқару жүйелерінің жетегі автоматының өздігінен немесе қате сөніп қалуы, бір немесе одан көп ұшупараметрлерінің (биіктік-жылдамдық параметрлері, артық жүктеу, еңкею, тангаж, шабуылдау, сырғу бұрыштары, траекторлық параметрлер) белгіленгендерден ауытқуға әкеп соқтыратын ұшуларды автоматты басқару жүйесінің істен шығулары;

24) электрмен жабдықтау жүйесінің бір немесе одан көп тарату құрылғыларынан тұрақты немесе/және ауыспалы токпен электрмен қоректендіру сипаттамаларын жол берілмеген бұзу, тұрақты немесе ауыспалы токпен авариялық қоректендіруге ауысу, соның ішінде ҰҰА-ны басқару станциялары үшін;

25) осы типтегі әуе кемесінің пайдалану-техникалық құжаттамасында рұқсат етілген істен шығулар тізбесіне кірмейтін істен шығулар (базалық әуеайлаққа ұшып шығуды қоспағанда)болған кезде әуе кемесінің ұшып шығуы;

26) әуе кемесін ұшуға техникалық қызмет көрсету аяқталмаған күйде жіберу;

27) экипаждың науқастанған жай-күйде (ұшу алдындағы медициналық бақылаудан өткеннен кейін)ұшуды орындауы;

28) экипаж мүшелерінің ұшу жағдайларына сәйкес келетін арнайы керек-жарақсыз, климаттық жағдайларға сәйкес келмейтін ұшу-техникалық киім-кешекпен ұшуды орындауы;

29) экипаж мүшелерінің ұшуды арнайы штурмандық керек-жарақсыз, ұшу карталарынсыз немесе/және толық ресімделмеген ұшу құжаттамасынсыз орындауы;

30) ұшу ауысымында экипаждың ұшу сағаты нормаларынанасыруы, ұшу алдында еңбек режімі мен демалыс нормаларын бұзуы, ұшуды ұшу алдындағы медициналық тексерусіз орындау;

31) авиациялық техникада ұшып өтуді және оны ұшырып әкелуді ұшу және кеме құжаттамасын ресімдеуге қойылатын талаптарды бұзумен орындау;

32) ұшу тапсырмаларын орындау тәртібін және шарттарын бұзу;

33) ұшуда әуе кемесінің өрт қаупі бар аймақтарында отын ағуының пайда болуы;

34) әуе нысанасын шабуылдауды рұқсатсыз (танусыз) орындау;

35) ұшуда ерекше жағдайдың тез дамуы жағдайларын қоспағанда, әуе қозғалысын басқару (қызмет көрсету) органының рұқсатынсыз ұшу шарттарын өзгерту;

36) әуе кемесінің орны қате айқындалған кезде ұшқышқа (экипажға) орындау командасын беру;

37) экипажға әуе кемесінің орны туралы дұрыс емес деректер беру;

38) экипажға ұшып көтерілу, қонуға кіру және қону шарттары туралы қате деректер беру;

39) экипаждың әуе кемесін басқаруды уақытша жоғалтуы, сондай-ақ ҰҰА-ны басқаруды (онымен байланысты) жоғалту немесе бағдарламалық қамтамасыз етудің автоматты түрде қайтару алгоритмінде белгіленгеннен артық емес және ұшу тапсырмасын орынауға әсер етпеген уақытқа істен шығуы;

40) экипаждың оның даярлық деңгейіне сәйкес келмейтін тапсырманы орындауы;

41) әуе кемесінің бортына дауылды ескертуді немесе ұшып көтерілу және қону пункттерінде ұшу жоспарын өзгертуді талап ететін ұшу бағыттары бойынша ауа райының жай-күйі туралы ақпаратты беру тәртібі мен мерзімдерін бұзу;

42) негізгі электрмен қоректендіру көздері істен шыққан кезде резервтегі байланыс және ұшуды радиотехникалық қамтамасыз ету құралдарына немесе электрэнергиясын ажыратқан кезде электрмен қоректендірудің автономды көздеріне ауысудың нормативтік мерзімдерін асыру;

43) ұшуды басқару топтары (әуе қозғалысын басқару органдары) персоналының немесе командалық пункттер есептоптарының олардың жауапкершілік аймағындағы әуе жағдайы туралы ақпаратты беруді тоқтатуы;

44) радиолокациялық станция операторының ұшу биіктігінің мәндерін радиолокациялық станцияның тактикалық-техникалық деректерінен асатын қатемен беруі;

45) дайындалмаған ұшуларды әуеайлақтық-техникалық қамтамасыз ету құралдарын ұшуға беру, ұшуларды ұшудатексерілмеген (бақылап ұшу мерзімі өтіп кеткен) радиотехникалық құралдармен қамтамасыз ету;

46) әуе кемесін түнгі уақытта басқару кезінде басқару жолдарында және ұшу-қону жолағына жақын жерде автомобиль немесе арнайы көлік шамдарының жарығымен әуе кемесі ұшқышының (экипаж мүшесінің) көзін шағылыстыру;

47) дауылды ескертуді уақтылы әзірлемеу және ұсынбау;

48) ұшу тапсырмасын орындауды тоқтатуға әкеп соқтырған әуе кемесінің істен шығулары мен ақаулықтары;

49) ұшуларды жасау, қамтамасыз ету және оларға қызмет көрсету кезіндегі әуе кемесінің бүтіндігіне және оның бортындағы адамдардың өміріне қауіп төндіруі мүмкін немесе төндірген басқа да жағдайлар.

Қазақстан Республикасында
мемлекеттік авиациядағы
авиациялық оқиғалар мен оқыс
оқиғаларды тергеп-тексеру
қағидаларына
10-қосымша
Нысан
Бекітемін

(комиссияны тағайындаған
лауазымды адамның лауазымы,
әскери атағы, қолы,
инициалдары және тегі)
20__ жылғы "___" _____

Авиациялық инцидентті тексеру актісі (елеулі авиациялық инцидентті, әуе кемесінің зақымдануымен болған елеулі авиациялық инцидентті)

(мемлекеттік авиацияның авиациялық бөлімшесі,

20__ жылғы "___" _____
бөлімі, басқару органы атауы) (апта күні, жергілікті уақыт)
болған _____

(әуе кемесінің типі)

1. Жалпы мәліметтер.

Тергеп-тексеруді _____ № _____

(комиссияны тағайындаған лауазымды адам) (күні)

бұйрығымен тағайындалған комиссия жүргізді.

Құрамында:

Төраға _____

(лауазымы, әскери атағы, тегі, инициалдары)

Комиссия мүшелері _____

(лауазымы, әскери атағы, тегі, инициалдары)

2. Әуе кемесінің экипажы:

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде);

әскери атағы;

атқаратын лауазымы;

берілген сыныптық біліктілігі.

Экипаж командиріне және ұшқыш-нұсқаушыға қосымша туған жылы, жалпы және әскери білімі, ұшу жұмысындағы өтілі, жалпы ұшуы, әуе кемесінің осы типінде қай уақыттан бері ұшады және ұшуы, бұдан бұрын авиациялық оқыс оқиғаларға жол бергені көрсетіледі.

Егер авиациялық жағдай әуе қозғалысын басқару органының (бұдан әрі – ӘҚБ), инженерлік-техникалық құрамның немесе ұшуды қамтамасыз ету қызметтерінің қате әрекет етуіне байланысты болса: ӘҚБ органы үшін – ұшуға басшылық жасаудағы өтілі, инженерлік-техникалық құрам және ұшуды қамтамасыз ету қызметтерінің мамандары үшін – осы лауазымдағы жұмыс өтілі және осы әуе кемесін немесе ұшуды қамтамасыз ету құралдарын пайдалану бойынша жеке жұмыс өтілі, бұрын жеке басының қателігі бойынша авиациялық оқыс оқиғаға (оқиғаға) болғаны қосымша көрсетіледі.

3. Әуе кемесі, қозғалтқыштар, агрегат (станция) туралы деректер.

Бөлім авиациялық техника істен шыққан (ақаулы болған) жағдайда толтырылады.

	Әуе кемесі	Қозғалтқыш	Агрегат
типi және зауыттық нөмірі			
Жасаушы кәсіпорын, жасаған күні			
Пайдаланудан бастап белгіленген ресурс және ұшуы			
Жөндеу саны			
соңғы жөндеу (күні, қашан, қандай ауқымда)			
Соңғы жөндеуден кейінгі белгіленген ресурс және ұшуы (атқарымы)			

4. Авиациялық жағдайдың мән-жайы.

Ұшу тапсырмасы, метеорологиялық жағдайлар, ұшу кезеңі және параметрлері, ерекше жағдай туындаған кезде және өрбупроцесінде экипаждың және ұшуды басқару тобының әрекет етуі. Тергеп-тексеру барысында анықталған авиациялық жағдайдың себептеріне негіз болған қандай мән-жағдайлар.

5. Авиациялық техниканың жай-күйі.

Авиациялық техниканың сыртқы істен шығуын (ақаулығын) немесе әуе кемесінің зақымдануын сипаттамасы мазмұндалады. Объективті бақылау материалдарына талдау жүргізіледі.

6. Авиациялық жағдай себептерін анықтау үшін орындалған іс-шаралар.

7. Авиациялық жағдай себептері туралы қорытынды

8. Авиациялық жағдайды (осы қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес) және себеп факторларын жіктеу (осы қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес).

9. Тергеп-тексеру нәтижелері бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар.

10. Әуе кемесін ақаусыз жай-күйге келтіру тәртібі.

Әуе кемесін ақаусыз жай-күйге келтіру үшін орындалған (жоспарланған) жұмыс тізбесі, әуе кемесін қатарға қосу күні (болжамды күні) көрсетіледі.

Әуе кемесін зақымдаумен елеулі авиациялық оқиғас оқиға болған жағдайда әуе кемесін қалпына келтіру үшін қажетті қосалқы бөлшектер, агрегаттар, бөлшектер мен тораптар тізбесі, қалпына келтіру жұмысының орны мен тәртібі, әуе кемесін қалпына келтірудің болжамды мерзімі, әуе кемесін қалпына келтіруге жауапты лауазымды адам көрсетіледі.

Комиссия төрағасы _____

(лауазымы, әскери атағы, қолы, инициалдарымен тегі)

Комиссия мүшелері: _____

(лауазымы, әскери атағы, қолы, инициалдарымен тегі)

Әуе кемесін қалпына келтіруге жауапты: _____

(лауазымы, әскери атағы, қолы, инициалдарымен тегі)

Акті жасалған күн _____

Актіге қосымшалар:

жоспарлы ұшу кестесінің көшірмесі (ұшуқағазы);

ауа-райы бюллетенінің көшірмесі;

объективті бақылау материалдары (сигналограмма, экспресс-талдау бланкілері, экипажда және ҰБО-дасәулесу радиобайланыс хаттамасы, объективті бақылау бөлімшесі бастығының қортындылары);

авиациялық оқыс оқиғаға қатысты лауазымды адамдардың баянаттары;

жұмыс топтарының және кіші комиссиялардың (олар құрылған кезде) есептері;

басқа да құжаттар (фотолар, схемалар, құжаттар көшірмелері).

Актіге қосымшаларға әскери бөлім штаб бастығы қол қояды және мөрмен расталады.

Қазақстан Республикасында
мемлекеттік авиациядағы
авиациялық оқиғалар мен оқыс
оқиғаларды тергеп-тексеру
қағидаларына
11-қосымша
Нысан

Авиациялық жағдайларды есепке алу және талдау журналы

1-кесте

Авиациялық жағдайларды есепке алу

(мемлекеттік авиациясы басқару органының (әскери бөлімнің) атауы, жылы)

Р/с №	Күні	Авиациялық жағдай	Тізбе тармағы	Себептер тобы	Әскери бөлім	Тәулік уақыты Метеорологиялық жағдай	ӘК типі	Борттық номер
-------	------	-------------------	---------------	---------------	--------------	---	---------	---------------

Кестенің жалғасы

Авиация тегі	Лауазымы, ә/атағы, Т. А.Ә.	Сыныптық біліктілігі	Ұшу кезеңі	№ жаттығу мазмұны	Мән-жайлар	Себептер	Профилактикалық іс-шаралар	Тергеп-тексеру актісі бекітілген күн
--------------	----------------------------	----------------------	------------	-------------------	------------	----------	----------------------------	--------------------------------------

2-кесте

Авиациялық жағдайларды талдау

Авиациялық жағдайларды есепке алу және талдау журналын жүргізу бойынша нұсқаулар:

- 1) авиациялық жағдайларды есепке алу күнтізбелік жыл ішінде жүргізіледі;
- 2) авиациялық жағдайларды талдау жоғары тұрған ұшу қауіпсіздігінің басшылық органына деректер ұсына отырып, ай сайын, тоқсан сайын және бір жыл үшін жүргізіледі;
- 3) есепке алу және талдау нәтижелері ай сайын шығарылады және құпия емес іс жүргізуде есепке алынады;
- 4) авиациялық жағдайларды есепке алу және талдау журналының деректері кемінде екі магниттік ақпарат жеткізгіште сақталуға тиіс.

Қазақстан Республикасында
 мемлекеттік авиациядағы
 авиациялық оқиғалар мен оқыс
 оқиғаларды тергеп-тексеру
 қағидаларына
 12-қосымша
 Нысан

Авиациялық оқиғаларды есепке алу журналы

Басталды:

Аяқталды:

Р/с №	Авиациялық оқиға болған күн, авиация тегі, сипаттамасы, қаза тапқандар саны	Авиациялық бөлім. Орналасу әуеайлағы. Әуе кемесінің типі	Тәулік уақыты, метеожағдай, жауапкершілік аймағы	Экипаж туралы деректер: лауазымы, әскери атағы, инициалдары және тегі, сыныптық біліктілігі, туған жылы, қандай училище және қашан бітірді, әуе кемесінің осы типінде жалпы ұшуы	Әуе кемесі туралы негізгі деректер	Ұшу кезеңі, ұшуға тапсырма, авиациялық оқиғаның мән-жайы	Авиациялық оқиғаның себептері туралы қорытынды	Авиациялық оқиғаны тергеп-тексеру кезінде ашылған кемшіліктер	Ашылған кемшіліктерді жоюға бағытталған іс-шаралар
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Қазақстан Республикасында
мемлекеттік авиациядағы
авиациялық оқиғалар мен
оқыс оқиғаларды
тергеп-тексеру қағидаларына
13-қосымша
Нысан

**Авиациялық оқыс оқиғаларды, ұшуды ұйымдастыру, жүргізу, басқару және қамтамасыз ету кезінде орын алған бұзушылықтар мен кемшіліктерді есепке алу журналы _____
(басқару органы бөлімшесінің атауы)**

P/c№	Авиациялық жағдай болған күн мен түрі	Әскери бөлім (әуесайлақ) нөмірі, әуе кемесінің түрі, оның бортық нөмірі	Анықталған кемшіліктер мен бұзушылықтар	Анықталған кемшіліктер мен бұзушылықтар ар себебі	Басқару органы қабылдаған шаралар
------	---------------------------------------	---	---	---	-----------------------------------

Қосымша:

1) ұшуды ұйымдастыру, жүргізу, басқару және қамтамасыз ету кезінде орын алған бұзушылықтар мен кемшіліктер авиациялық жағдайларды тергеп-тексеру актілері, ұшуды талқылау мәліметтері, сондай-ақ жоғары әскери басқару органдары әскери бөлімдерді тексеру нәтижелері бойынша есепке алынады;

2) көрсетілген нысанға қосымша мәліметтерді қосуға жол беріледі.

Қазақстан Республикасында
мемлекеттік авиациядағы
авиациялық оқиғалар мен
оқыс оқиғаларды тергеп-тексеру
қағидаларына
14-қосымша
Нысан

Авиациялық оқыс оқиғаларды, ұшқыш құрамының (экипаждардың) бұзушылықтары мен қате әрекет етуін есепке алу журналы

_____ (авиациялық бөлімше атауы)

1. Ұшқыш құрамының (экипаждардың) авиациялық оқыс оқиғалары (бұзушылықтары мен қате әрекет етуі):

Лауазымы, әскери атағы, сыныбы _____

Ұшқыштың (экипаж мүшесінің) тегі, аты және әкесінің аты (бар болған кезде)

_____	_____	Авиация тегі жауынгерлік даярлық курсы жаттығуының	_____	_____	_____
-------	-------	--	-------	-------	-------

Күні	Тәулік уақыты. Метеожағдайлар . Әуе кемесінің түрі және борттық нөмірі. Ұшу кезеңі.	нөмірі және ұшу тапсырмасының қысқаша мазмұны. Есеп бойынша нешінші ұшу және ұшу ауысымының қай сағатында ұшу орындалды	Авиациялық оқиғаның мән-жайы және сипаттамасы (бұзушылықтар, қате әрекет ету)	Авиациялық оқиғаның себептері (бұзушылықтар, қате әрекет ету)	Командирдің (бастықтың) нұсқаулары. Қабылданған шаралар, орындалғаны туралы белгілер
1	2	3	4	5	6

2. Авиациялық оқиғаларды талдау нәтижелері, бұзушылықтар мен қателіктер, ашылған себептер мен кемшіліктерді жою бойынша нұсқаулар.

3. Журналды тексеру нәтижелері.

Ескертпе:

1) журнал авиациялық бөлімшенің әрбір ұшқышына бөлек жүргізіледі;

2) ұшқыш құрамының журналы басшылық ұшқыш құрамның және эскадрилия командирлері авиациялық бөлімінің ұшу қауіпсіздігі бөлімінде, эскадрилия ұшқыш құрамының журналы авиациялық эскадрилия штабында сақталады;

3) басқа экипаж мүшелері жол берген авиациялық оқиғалар, бұзушылықтар мен қателіктер экипаж командиріне саналады;

4) кестенің 6-бағанында тура және тікелей командирлердің (басшылардың) ұшуды талқылау нәтижелері, нұсқаушылардың байқауы, объективті бақылау материалдары, авиациялық жағдайларды тергеп-тексеру бойынша нұсқаулары жазылады. Орындағаны туралы белгі күнімен және лауазымды адамның қолтаңбасымен қойылады;

5) журналдың 2-тармағында ай сайын тікелей командирлер авиациялық оқиғаларды, ұшқыш құрамының бұзушылықтары мен қателіктерін талдау нәтижелерін жазады, қортынды жасайды және ашылған себептер мен кемшіліктерді жою бойынша нұсқаулар береді;

6) журналды тура командирлер мен бастықтар жүргізеді. Авиациялық эскадрилияда журналды жүргізуді және сақтауды бақылауды авиациялық эскадрилия командирінің орынбасары, авиациялық бөлімде ұшу қауіпсіздігі органының басшысы жүзеге асырады;

7) журнал кемінде екі жыл жүргізілуге тиіс.

Қазақстан Республикасында
 мемлекеттік авиациядағы
 авиациялық оқиғалар мен
 оқиғаларды тергеп-тексеру
 қағидаларына
 15-қосымша

Мемлекеттік авиацияның әуе кемелерімен болған авиациялық оқиғалар мен оқиғалар факторларының (салдарының) топтары

1. Ұшуды ұйымдастыру, жүргізу, басқару немесе қамтамасыз ету кезіндегі жеке құрамның бұзушылықтары (олқылықтары):

1) ұшуды ұйымдастырудағы бұзушылықтар (олқылықтар) (ҰҰБ):

белгіленген тәртіпті және ұшуды ұйымдастыру қағидаларын бұзу (олқылық) (ҰҰБ-а);

авиациялық бөлім лауазымды адамдарының жеткіліксіз кәсіби даярлығы (ҰҰБ-б);

авиациялық бөлім (құрама, бірлестік) жеке құрамының ұшуды жасау жөніндегі құжаттарды әзірлеудегі бұзушылықтары (олқылықтары) (ҰҰБ-в);

2) әуе қозғалысын басқару, ұшуға басшылық жасау кезіндегі бұзушылықтар (олқылықтар) (ҰББ):

белгіленген тәртіпті және ұшуға басшылық жасау (әуе қозғалысына қызмет көрсету) қағидаларын сақтауды бұзу (олқылық) (ҰББ-а);

ұшуға басшылық жасауға жеке дайындалу кезінде ҰБТ (ӘҚБ органдары) персоналының жауапсыздығы (ҰББ-б);

ҰБТ (ӘҚБ органы) персоналының жеткіліксіз кәсіби даярлығы (ҰББ-в);

ҰБТ (ӘҚБ органы) персоналының өзара іс-қимылды бұзуы (олқылығы) (ҰББ-г);

ҰБТ (ӘҚБ органы) персоналы жұмыс қабілетінің төмендеуі салдарынан болған бұзушылықтар (олқылықтар немесе қателіктер) (ҰББ-д);

3) әуе кемесі экипаж мүшелерінің бұзушылықтары (олқылықтары) (НҚҚ):

белгіленген тәртіпті және ұшу тапсырмаларын орындау қағидаларын бұзу (олқылық) (НҚҚ-а);

экипаж командирінің (ұшқыштың) ұшуды басқарудағы бұзушылықтары (қателіктері) (НҚҚ-б);

экипаж мүшелерінің авиациялық техниканы пайдалануды бұзуы (қателігі) (НҚҚ-в);

экипаж мүшесінің ұшуға жеке дайындық кезіндегі жауапсыздығы (НҚҚ-г);

экипаж мүшесінің жеткіліксіз кәсіби даярлығы (НҚҚ-д);

экипаж мүшелерінің өзара іс-қимылындағы бұзушылықтары (олқылықтары) (НҚҚ-е);

жұмыс қабілетінің төмендеуі салдарынан экипаж мүшелерінің бұзушылықтары (қателіктері) (НҚҚ-ж);

бұзушылықтар (қателіктер) себебі анықталған жоқ (НҚҚ-з);

4) ұшуды қамтамасыз етудегі бұзушылықтар (олқылықтар) (ҰҚБ):

аэронавигациялық ақпаратпен қамтамасыз етудегі бұзушылықтар (олқылықтар) (ҰҚБ-а);

штурмандық қамтамасыз етудегі бұзушылықтар (олқылықтар) (ҰҚБ-б);

инженерлік-авиациялық қамтамасыз етудегі бұзушылықтар (олқылықтар) (ҰҚБ-в);

әуеайлақтық-техникалық қамтамасыз етудегі бұзушылықтар (олқылықтар) (ҰҚБ-г);

радиотехникалық (жарық-техникалық) қамтамасыз етудегі бұзушылықтар (олқылықтар) (ҰҚБ-д);

метеорологиялық (орнитологиялық) қамтамасыз етудегі бұзушылықтар (олқылықтар) (ҰҚБ-е);

медициналық қамтамасыз етудегі бұзушылықтар (олқылықтар) (ҰҚБ-ж).

2. Ұшуды жасауға қатысатын жеке құрамның әрекет етуіне байланысты авиациялық техниканың істен шығуы:

1) авиациялық техниканың конструкторлық-өндірістік кемшіліктері (КӨК):

авиациялық техниканың конструкторлық (оның ішінде эргономикалық) кемшіліктері (КӨК-а);

авиациялық техниканың өндірістік кемшіліктері (КӨК-б);

2) авиажөндеу кәсіпорындарында авиациялық техниканы жөндеу кемшіліктері (ЖК):

технологиялық жұмыс құжаттамасында белгіленген жөндеуді ұйымдастыру және оның технологиясы қағидалары мен шарттарын бұзу (олқылық) (ЖК-а);

орындалатын жұмыстарды орындаушылардың жеткіліксіз кәсіби даярлығы (ЖК-б);

авиациялық техниканы жөндеу технологиясының нормативтік немесе жөндеу құжаттамасының талаптарына сәйкес келмеуі (ЖК-в);

белгіленген тәртіпті және жөндеуді орындағаннан кейін авиациялық техниканы ұшуға дайындау қағидаларын бұзу (олқылық) (ЖК-г);

3) себептері анықталмаған, алайда болуы анағұрлым ықтимал авиациялық техниканың істен шығуы (САШ):

авиациялық техниканың конструкторлық-өндірістік кемшіліктері (САШ-а);

авиациялық техниканы жөндеудегі кемшіліктер (САШ-б);

ұшуды инженерлік-авиациялық қамтамасыз етудегі кемшіліктер (САШ-в);

ұшуды әуеайлақтық-техникалық қамтамасыз етудегі кемшіліктер (САШ-г);

сыртқы факторлардың әсер етуі (САШ-д).

3. Басқа да себептер:

1) авиациялық техниканы сынаудағы және ұшу жұмысын регламенттеудегі кемшіліктер (СҚРК):

сынауды жүргізу кезінде авиациялық техниканың кемшіліктерін анықтау (СҚРК-а);

сынауды толық ауқымда жүргізбеу, сынапұшуды орындау тәртібін және қағидаларын бұзу (СҚРК-б);

ұшу жұмысын ұйымдастыруды регламенттейтін құжаттардың кемшіліктері (СҚРК-в);

ұшуды басқаруды регламенттейтін құжаттар кемшіліктері (СҚРК-г);

ұшуды қамтамасыз етуді регламенттейтін құжаттар кемшіліктері (СҚРК-д);

әуе кемесін ұшуда және техникалық пайдалануды регламенттейтін құжаттар кемшіліктері (СҚРК-е);

2) ұшуды қамтамасыз ету құралдарының кемшіліктері (ҰҚҚК):

ұшуды жерүсті қамтамасыз ету құралдарының конструкторлық және эргономикалық кемшіліктері (ҰҚҚК-а);

ұшуды жерүсті қамтамасыз ету құралдарының төмен пайдалану сенімділігі (ҰҚҚК-б);

ұшуды жерүсті қамтамасыз ету құралдарын жөндеудің төмен сапасы (ҰҚҚК-в);

3) себептері анықталмаған, алайда болуы анағұрлым ықтимал жағдайлар (СА):

экипаж мүшелерінің қате әрекет етуі (СА-а);

авиациялық техниканың істен шығуы (СА-б);

сыртқы факторлардың әсер етуі (СА-в).

4) сыртқы болжанбаған факторлардың әсер етуі (СБФӘ):

атмосферадағы бөгде заттармен қақтығысу (СБФӘ-а);

құстармен қақтығысу (СБФӘ-б);

атмосфералық электрдің әсер етуі (СБФӘ-в);

турбуленттілік (СБФӘ-г);

желдің ауысуы (СБФӘ-д);

әртүрлі кедергілер түрлерінің әсер етуі (СБФӘ-е);

экипаждың жұмыс қабілетін жоғалтуы (СБФӘ-ж).